4 Voblikov V.Ju. Pravoponimanie v sovremennoj rossijskoj teorii prava // http://credonew.ru/content/view/572/31/Obrashhenie 17.06.2015 g.

5 Vostroknutov V.A. Mifologicheskie osnovanija pravoponimanija // Istorija gosudarstva i prava. – 2014. – № 3. – S. 13-16.

6 Didenko A. Grazhdanskoe pravo kak istochnik formirovanija pravovoj dejstvitel'nosti // http://online.zakon.kz/Document/Document.aspx?docid=31208346&sublink=0&mode=all&action=print&comments=on&size=12 Obrashhenie 17.06.2015 g.

7 Karnaushenko L.V. Integrativnoe pravoponimanie: osobennosti, vozmozhnosti, vozrazhenija // Istorija gosudarstva i prava. – 2013. – № 21. – S. 14.

8 Kerimov D.A. Metodologija prava. Predmet, funkcii, problemy filosofii prava. – M., 2000

9 Kerimov D.A. Filosofskie osnovanija politiko-pravovyh issledovanij. – M., 1986.

10 Kechek'jan S.F. Pravootnoshenija v socialisticheskom obshhestve. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1958. – 37 c.

11 Lejst O.Je. Sushhnost' prava. Problemy teorii i filosofii prava. – M., 2002. – S. 14-36.

12 Nersesjanc V.S. Iz istorii pravovyh uchenij: dva tipa pravoponimanija // Politicheskie i pravovye uchenija: problemy issledovanija i prepodavanija. – M., 1978.

13 Nersesjanc V.S. Pravo i zakon. – M., 1983. – S. 351-380.

14 Piontkovskij A.A. Nekotorye voprosy obshhej teorii gosudarstva i prava // Sov. Gosudarstvo i pravo. – 1956. – №1.

15 Piontkovskij A.A. K voprosu o vzaimootnoshenii ob#ektivnogo i sub#ektivnogo prava // Sov. Gosudarstvo i pravo. – 1958. – № 5.

16 Problemy teorii prava i gosudarstva, istorii politiko-pravovoj mysli: Sb. rabot uchenikov, druzej, kolleg professora O.Je. Lejsta. – Almaty: AJu-VShP «Әdilet», 2005. – S. 31.

17 Sorokin V.V. Ponjatie i sushhnost' prava v duhovnoj kul'ture Rossii. – M., 2007. – S. 44.

18 Sulejmenov M.K. Kazahstan: prava cheloveka i grazhdanina http://online.zakon.kz/http://online.zakon.kz/Document/Document.aspx?doc_id=31633104&sublink=0&mode=all&action=print&comments=on&size=12 Obrashhenie 17.06.2015 g.

19 Sulejmenov M. K. Jurist, uchenyj, pedagog… O zhizni i nauchnom nasledii Borisa Vladimirovicha Pokrovskogo http://online.zakon.kz/Document/Document.aspx?doc_id=31208352&sublink=0&mode=all&action=print&comments=on&size=12 Obrashhenie 17.06.2015 g.

20 Udarcev S.F. Metapravo: o global'noj jevoljucii prava // Udarcev S. F. O nekotoryh tendencijah global'noj jevoljucii gosudarstva i prava. – Karaganda: Bolashak-Baspa, 2004. – S. 29-30.

Өміржанов Е.Т.

Анахарсистің саяси-құқықтық көзқарастары және эллинизм

Мақалада автор сақ тайпасынан шыққан ұлы ойшыл Анахарсистің шығу тегі және өміріне қатысты мәліметтерге талдау жасайды. Автор Анахарсистің қоғам, мемлекет, құқық жайлы ұстанымдарына талдау жасау үшін оның осы уақытқа дейін сақталған хаттарын зерделейді. Мақалада Анахарсистің құқық пен саясат бойынша тәжірибе жинақтау үшін эллиндер еліне барып, онда ұлы ойшыл Солонмен кездескені және олардың арасында болған әңгімелер туралы мәліметтерге сілтеме жасалады. Жалпы, автордың пікірінше, Анахарсистің саяси-құқықтық көзқарастарының дамуына эллинизмнің де үлкен әсері болған. Анахарсис көптеген мәселелерде өзінің еркін адам екендігін өз артықшылығы ретінде көрсете білген, адамның дүниемүлікке тәуелсіз, еркін өмір сүруін бақыт деп түсінген. Дегенмен, Анахарсис эллиндер елінен сақ даласына қайта оралған соң эллиндік құндылықтарды дәріптегені үшін қаза табады.

Түйін сөздер: сақтар, эллинизм, саяси-құқықтық көзқарастар, ойшыл.

Omirzhanov E.T.

Political and legal views of Anacharsis and Hellenism

In the article the author analyzes the data on the origin and life of the great Sak philosopher Anacharsis. To analyze the views of Anacharsis about society, state and law the author studied his extant letters. The author refers to information about the Anacharsiss trip to the Greeks to gain experience in the field of law and policy, and his meeting with the great philosopher Solon, about their conversations. In general, according to the author, Hellenism influenced on the development of political and legal views of Anacharsis greatly. Anacharsis largely proud of the fact that he is a free man, in his understanding happiness is a free and independent life from the property. However, after returning to Sak valley Anaharsis was killed for the glorification of the Hellenic values.

Key words: saks, Hellenism, political and legal views, thinker.

Омиржанов Е.Т.

Политико-правовые взгляды Анахарсиса и эллинизм

В статье автор анализирует данные о происхождении и жизни великого сакского мыслителя Анахарсиса. Для анализа взглядов Анахарсиса об обществе, государстве и праве автор изучал дошедшие до нас его письма. В статье автор ссылается на данные о поездке Анахарсиса в страну эллинов для получения опыта в области права и политики и его встрече с великим мыслителем Солоном, об их беседах. В общем, по мнению автора, на развитие политико-правовых взглядов Анахарсиса большое влияние оказал эллинизм. Анахарсис во многом гордился тем, что он является свободным человеком, в его понимании счастье – это свободная, независимая от имущества жизнь. Однако, Анахарсис после возвращения в сакскую долину был убить за прославление эллинские ценности.

Ключевые слова: саки, эллинизм, политико-правовые взгляды, мыслитель.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 32(091)(4/9)

Өміржанов Е.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: yesbol_1981@mail.ru

АНАХАРСИСТІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ ЭЛЛИНИЗМ

Анахарсис ежелгі сақ тайпаларынан шыққан ойшыл, ғұлама, өмір сүрген жылдары шамамен б.з.д. 620-555 жылдар аралығы [8, 61 б.]. Оның шыққан тегі патша әулеті болады, нақты айтқанда, Анахарсис сақ патшасы Иданфаристің әкесі Савлийдің туған бауыры болды. Анахарсистің әкесі сақ патшасы Гнур, анасы эллиндік болады (анасының есімі белгісіз), сондықтан ол сақ және грек тілдерінде еркін сөйлеген. Анархасис туралы ежелгі грек ойшылдарының шығармаларынан, Геродоттың жазбаларынан көптеген деректер табуға болады. Б.з.д. 594 жылы Анахарсис туған елінен Афинаға саяхаттап келеді. Афинаға баруының басты себебін ол Крез патшаға жазған хатында баяндайды. «Лидия патшасы! Мен эллиндер жеріне олардың құқығы мен әдет-ғұрпын үйрену үшін келдім, маған алтынның қажеті жоқ, мен үшін Скифияға жетілген адам болып оралу маңыздырақ» [3, 96 б.]. Геродот та өз шығармасында Анахарсисті сақ патшасының өзі арнайы Грекияда білім алуға жібергені туралы естігенін айтады [6, 58 б.]. Анахарсистің эллиндер еліне келгенде скиф Токсаристі кездестіргені жайлы мәліметтерді Лукиан Самосатскийдің жазбаларынан біле аламыз. «Скиф немесе жат елдегі дос» атты әңгімесінде ол Анахарсисті Солонмен таныстырған адам ретінде өз елін тастап эллиндер елінде құрметті адам болған скиф Токсаристі көрсетеді. Анахарсис Афинада ғұлама философ, реформатор Солонмен танысып, дос болып, сонда қоныстанады. Лукиан Самосатскийдің «Анахарсис, немесе денені жаттықтыру жайлы» әңгімесінде Анахарсис өзінің Грекияға келуін келесідей баяндайды. «Солон, мен үлкен қашықтықты жүріп өтіп, ұлы да қатал Эвксин теңізін жүзіп өтіп эллиндердің заңдарын білуге, әдет-ғұрпын түсінуге, мемлекет құрылысының ең озық үлгісін зерттеуге келдім. Мен барлық афиндіктердің ішінен дос болу үшін сені таңдадым, себебі, сен заңдар шығарып, озық әдет-ғұрыптар мен пайдалы істер ойлап тауып, жалпы мемлекетті құрды деп естідім. Сондықтан, мені тезірек білгеніңді үйретіп, шәкірт жаса. Сен сөйлей алатын жағдайда болғанда мен сенің мемлекет пен заңдар жайлы ойларыңды куана-куана қасыңда отырып тамақ пен сусын ішпестен аузымды ашып тыңдайтын боламын» [9, 217 б.]. Б.з.д. 559 жылы Солон қайтыс болған соң Анахарсис Скифияға қайта оралады. Елге оралған соң, оны эллиндер елі-

нің құндылықтарына бой ұрып, өз елінің салт-жоралғыларынан бас тартпақ болғаны үшін ағасы Савлий аң аулап жүрген жерінде садақпен атып өлтіреді. Анахарсис өлерінің алдында «Мені Эллада жерінде ақылым қорғады, өз отанымда қызғаныш түбіме жетті» деген сөзді айтып кетеді [3, 95 б.]. Жалпы, Анахарсистің өлімінің себебіне қатысты пікірлер әртүрлі, кейбір авторлар Анахарсистің эллиндік салт-дәстүрге бой ұрып, грек құдайларына ғибадат етуін басты себеп ретінде атаса, енді біреулері оның өлімінің саяси себептерін іздейді. Мысалы, бұл мәселеге байланысты А.М. Хазанов «Геродот б.з.д. V ғасырдағы Скифиядағы Анахарсис пен Скил есімдеріне байланысты екі жанжалды атап көрсеткен. Олардың біріншісі неғайбыл, екіншісі нақты түрде скиф қоғамындағы жоғарғы топтар арасындағы бағыттарды және саяси топтардың өзара күресін көрсете алады» [4, 234 б.] деген пікір білдіреді. Профессор Ғ. Есім де Анахарсистің өлімін оның грек реформаторы Солонның жанында көп жүргендіктен өз еліне қайтып оралған соң сақтардың мемлекеттік басқару жүйесіне реформа жүргізуге талпыныс жасауымен байланыстырады [2, 29 б.].

Анахарсис сақтардың жауынгерлігін, ізгілігін, асқақтығын әйгілейтін көптеген таңғажайып даналықтарды айтып, гректерді тамсандырды. Оның «сақтар сүйектен өткен ащы сөзді емес, сөзді нақышына келтіріп тура сөйлей алмайтын адамды жек көреді» деген сөзі және өзге де шешендік нақылдары тек Анахарсистің ғана емес, біздің ежелден келе жатқан болмысымыздан хабар беріп тұрғаны анық [1, 31 б.]. Анархарсистің артында мол жазба мұра қалған жоқ, Диоген оның скифтердің әдет-ғұрпы мен эллиндердің қарапайым өмірі мен соғыстары жайлы 800 жолдан тұратын өлеңдер жазғанын, шешендігіне халық сүйсініп, ол жайлы «скиф сияқты сөйлеу» деген нақыл қалғанын айтады. Бізге дейін жеткен Анахарсистің жазған он хаты оның көзқарастарынан көп хабар береді. Оның саяси-құқықтық көзқарастарын біз оның артында қалған осы хаттарынан кездестіре аламыз. Сонымен қатар, кейбір антикалық авторлар Анахарсистің жауаптары мен пікірлерін өз еңбектерінде жазып қалдырған.

Анархарсис ең алдымен білім қуып, өзінің рухани жан-дүниесін байытуды көздеген ғұлама. Оның эллиндер еліне келуінің басты себебі де рухани кемелдену болған. Сол себептен ол материалдық құндылықтарды рухани құндылықтардан төмен қояды. Адамның басты байлығы ретінде оның еркіндігін түсінеді. Еркін өмірді қалайтын сақ ретінде ол өзі үшін еркіндіктің бағасының қымбат екендігін патша ұлына хатында баяндайды. «Сенде флейта мен ақшаға толы әмиян, ал менде садақ пен жебелер бар. Сондықтан, сен құлсың, ал мен еркін адаммын. Сенің жауың көп, ал менде оның бірі де жоқ. Егер сен ақшаңды тастап, қолыңа садақ пен қорамса алып скифтермен бірге өмір сүруді қаласаң, сенде де біздің барлық игіліктеріміз пайда болады». Дүниенің құлы болмау туралы ойын ол Ганнонға жазған хатында жалғастырады. Анахарсис өзінің киімінің скифтік хлена, аяқ киімінің жалаң табаны, төсегі жер, тамағы сүт, ірімшік пен ет екендігін, Тәтті тағам деп ол үшін аш жүруді түсінетіндігін, Адамдардың басым бөлігі тынбастан еңбек ететін нәрсенің барлығынан өзінің азат екендігін айтады. Ол өз өсиеттері арқылы адамдарды байлық жинаймын деп сол байлықтың құлына айналудан сақтандырады. Еркіндік жайлы сөз қозғалғанда Анахарсистің Эзопқа берген жауабын келтіре кеткен орынды. Жеті ғұламаның сауығының барысында сөз үй шаруасын басқаруға келгенде Эзоп Анахарсистің үй-күйсіз жүргенін айтып, сақтардың күймеде өмір сүретіндігін күннің атысы мен батысымен салыстырып, келемеждейді. Оған шамданған Анахарсис былай деп жауап береді: «Күн құдайлардың ішіндегі ең еркіні, ол ешкімге бағынбайды, өз заңдары бойынша өмір сүреді, барлығына билік етіп билеп-төстейді. Оның арбасы теңдессіз көркем және ұлы, ал, сен оны байқамадың, болмаса менің арбаммен салыстырмас едің» [10, 252 б.]. Осы арқылы сол кезеңдерде сақтардың күн құдайын құрметтегенін де көруге болады. Ал, Анахарсис өз құдайының еркін болуымен байланысты өз халқының да еркіндікті қалайтындығын мақтанышпен жеткізеді.

Анахарсистің саяси-құқықтық көзқарастарын талдағанда ең алдымен оның мемлекет және мемлекеттегі билік жайлы пікірлеріне тоқталу орынды болар. Кейбір пікірлерін оқи отырып, оның билеушіге қатысты көзқарастары мен өсиеттері осы кезде де өз маңызын жоя қоймағанын көруге болады. Ол Лидия патшасы Крезге жазған хатында билеуші үшін зор байлық та, орасан зор иеліктер де дана болуға көмегін тигізбейтіндігін жеткізіп, артық нәрседен арылуға кеңес берді. Шамадан тыс ләззаттан жапа шеккен тәнді емшілер емдеп жаза алғанымен, жанды емдеушілердің жоқ екендігін алға тартты. Билікке келген адамның көп нәрсеге оңай қолы жететіндіктен оның өзін шектей білуі, қажетсіз нәрседен, артық байлықтан бас тартуы қажеттігін

айтады. Билік етудің бір кездері аяқталатындығын және патшаның жағымды атының ол билік құрған кезде емес, керісінше, ол биліктен кеткенде шығатынын ескертеді. «Саған алтын өзен боп ағып, байлық даңқы келсе, солармен бірге көре алмаушылар мен байлығыңды, алтыныңды тартып алуға ниеттенушілер еріп келеді. Егер сен осындай лас нәрселерден тазарсаң денің сау болар еді, еркін сөйлеп, елді еркін басқарар едің. Осы патшаның денсаулығы болып табылады. Егер осы қасиеттер сенің ішкі сапаңа айналса, ешкім де сенің басқа жағдайыңның керемет екендігіне таң қалмас еді. Бірақ, шекті білмейтін ауру сені жаулап алып, еркін адамнан құлға айналдырды. Осылайша сенің бұрынғы кемшіліктерің қазір сені иеліктеріңмен бірге бағындырғандарға ауысты. Оларға сенің шеккен азабың да ауысатынына сенімді бол. Мен саған кезінде Солон афиндіктерге берген кеңесті берейін. Ең бастысы қазіргі жағдай емес, саған келетін абыройлы өлім әкелетін нәрсе. Шындығына келгенде ол мұны ашық айтқан жоқ, себебі, ол скиф емес. Егер сен менімен келісетін болсаң менің кеңесімді Кир мен барлық басқа тирандарға жеткіз, ол билігін жоғалтқандардан гөрі әлі де тақта отырғандарға көбірек пайдалы» [5, 216 б.].

Ел билеушінің қандай сипаттағы адам болуы жайлы Анахарсис өз ойларын тек хаттарында ғана емес, өзгелермен болған әңгімелер барысында да жеткізген болатын. Анахарсистің ел билеушісінің жағымды қасиеттері жайлы пікірін жеті данышпанның Плутарх жазған әңгімесінен білуге болады. Анахарсис ел билеушінің өзім білемдікке салынбай, өзгелердің де пікіріне құлақ асуын жақсы қасиет ретінде сипаттайды. Яғни, ел билеушінің өзін өзгелерден ақылды санамай, өз басын ұлықтамай, өзгелердің пікіріне құлақ асуы оның ең жақсы қасиеті деп ұғады. Ол әңгіменің желісі бойынша, сауық-сайран құрып отырған жеті данышпан патшаның атақ-даңқы мен абыройын асыратын қасиеттері жайлы бірбірден пікір білдіреді.

Солон: Патшаның атақ-даңқы ол өз билігін халықтық билікке айналдырғанда ғана артады.

Биант: Оған қоса заңға бағынудың үлгісін бірінші өзі болып көрсететін болса.

Фалес: Өз ажалымен өлсе және асарын асап, жасарын жасап өлсе, билеушінің бақыты деген сол.

Анахарсис: Оған қоса барша жұртының ішіндегі жалғыз данагөй тек өзі ғана болып жүрмесе.

Клеобул: Оның үстіне өзіне жақын жүргендердің сөзіне ермейтін болса.

Питтак: Қол астындағы жұрт одан қорықпай, ол үшін қорқатын жағдайға жеткен болса.

Хилон: Билеуші өлетін, өшетін нәрсені емес, өлмейтін, өшпейтін нәрсені ойлауы керек» [7, 57 б.].

Билеушінің халықтың қамын ойлауы қажеттігі, мейірбан болуы туралы өсиеттерін Анахарсис Фракияның қатыгез билеушісі Терейге хатында жалғастырады. Ол бірде бір ақылды билеушінің өз қойларына қамқорлықпен қарайтын қойшы сияқты өз халқын өлтірмейтіндігін айтты. Оның тағайындаған басқарушыларының жақсы басқара алмауынан халқының тоз-тозы шыққанын, мұндай жағдайда оның ешбір алға қойған жоспары орындалмайтындығын алға тартты. Ол Терейге өзі басқаратын халыққа аянышпен қарауға кеңес берді, оған халықтың жағдайын нашарлатқан патшаның билігі баянсыз болатындығын айтады. Халық кедейленсе, билеушінің елді қорғайтын күшті әскерінің болмайтындығын, билеуші қанша байлық жинаса да халқының қолдауынан айрылған соң жиған-тергенін өзінің жеке басын қорғау үшін, әскерді қамту үшін шашатындығын ескертеді. Оның қарамағында қалғандардың егер қарны ашса патшасына қарсы бүлік ұйымдастырып, оны бірден тастап кететіндігін ескертеді. «Егер сен өз билігіңді жеке басыңның баюы үшін пайдалатын болсаң, онда байлығың әлі де сақталады. Енді саған соғыс жүргізу үшін адамдар жетіспейді, бірақ, сен өз әскеріңді және өміріңді қорғауға қойылған адамдарды қамту үшін ақшаны шашасың. Егер сен оларды тойдырып тамақтандырмасаң олар бүлік шығарады, шөлейт жерлер мен орман басқан тауларға қашып кетеді, сол жақта орнығып ара сияқты еңбектенетін болады [5, 214 б.].

Ел билеушінің бойындағы жаман әдеттердің оның игі мақсаттарға қол жеткізуіне кедергі болатындығын Анахарсис өзінің кезекті хатында баяндайды. Анахарсис тиран Гиппархқа хатында оның қателігін көрсетіп, дұрыс жолға түсуге шақырады. Ол Гиппархтың құмар ойындары мен шараптан бас тартып, әкесі сияқты ізгі істермен айналысып, мұқтаж жандарға көмектесуге ақыл береді. Егер жаман қылықтардан бас тартпаса өзінің өміріне де қауіп төнетіндігін ескертеді.

Жалпы, антикалық кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін қоғам үшін ең басты мәселелердің бірі әділетті мемлекет құру болып табылады. Өзі өмір сүрген кезеңдегі әділетті мемлекет сипаты туралы Анахарсистің де көзқарасы өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Әділетті мемлекет турасындағы Анахарсистің пікірі тағы да осы жеті данышпанның өзара ой бөлісуінде

орын алады. Анахарсис бұл мәселеде мемлекетті жақсы істердің ұйытқысы болып, жаман істерге тыйым салатын ұйым ретінде бағалайды.

Солон: Қай мемлекетте қылмыскерді жәбір көргендер ғана емес, олармен бірге жәбір көрмегендер де соттап, жазаға тартуға қатысатын болса, сол мемлекетте басқару ісі бәрінен жақсы, халық билігі бәрінен де күшті.

Биант: Қай елде заңнан зұлымнан қорыққандай қорқатын болса, халық билігі де сол жерде бәрінен мықты.

Фалес: Қай мемлекетте сіңірі шыққан кедей де, мұрнынан құрты түскен бай да болмаса, сол мемлекет әділетті, бақытты.

Анахарсис: Әділетті мемлекет – ізгілікке барынша құрмет көрсетіліп, зұлымдыққа барынша лағынет айтылатын, ал қалған қасиеттері тең түсіп жататын мемлекет.

Клеобул: Қай елде азаматтар заң сотынан гөрі ар сотынан қаттырақ қорықса, сол ел – ең бақытты ел.

Питтак: Қай елде ақымақ адамдардың билікке келуіне, ал ақылды адамдардың кетуіне тыйым салынса, сол елден асқан бақытты ел жоқ.

Хилон: Қай мемлекетте заңды көбірек, шешендерді азырақ тыңдаса, сол мемлекет жақсы [8, 72 б.].

Анахарсистің құқық жайлы көзқарастарын оның Крез патшаға берген жауаптарынан таба аламыз. Крез оған «жан біткеннің қайсары, жан біткеннің әділеттісі кім?» деген сұрақ қояды. Оған Анахарсис түз тағысы деген жауап береді. Ол түз тағысының тек табиғат заңын мойындайтындығы үшін қайсар да әділетті болатындығын айтады. Анахарсис өз жауаптарында адамдар жасаған заңнан құдай заңын артық қойып, адамдар заңынан құдай заңы әділетті деген тұжырым жасайды. Ол дала тағысының тек табиғат заңдарына ғана бағынатындықтан әділетті өмір сүретіндігін айта келе, табиғатты құдай жаратқанын, сәйкесінше, табиғат заңы құдай заңы екендігін, ал, қолданыстағы заңның адамдардың ақыл-ойының туындысы екендігін алға тартады. Осылайша, ол өзінің адам орнатқан заң тәртіптеріне бағынғаннан құдай жаратқан табиғат заңдарының талаптарын орындағанды артық көретіндігін жеткізеді. Крездің «Данышпандардың данышпаны да сол сенің түз тағыларың болып жүрмесін?!» деген кекесінді сұрағына «Иә, дәл солай. Өйткені табиғаттың, Құдайдың заңын адамдардың заңынан жоғары санау – данышпандықтың басты белгісі» деп жауап береді [7, 49 б.]. Құдайға қатысты ойларын Анахарсис келесідей жалғастырады: «Егер от, су, жел, бұлттар, жаңбыр құдайдың біреулерді құтқаратын, біреулерді жоятын құралы болса, онда жануарлардың оның істері үшін түкке пайдасы болмауы таңқаларлық жағдай болар еді. Олардың құдайдың еркімен байланысты екендігі және скифтерге садақтың, эллиндерге флейтаның қызмет ететіні сияқты құдайға қызмет ететіні айдан анық [10, 261 б.]. Осылайша ол жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің құдай заңдарына бағынатындығына, құдай еркімен байланысты өмір сүретіндігіне тағы да тоқталып өтеді.

Анахарсис зорлық-зомбылық пен күш көрсету атаулығы қарсы болды, ол алғаш рет Солонмен бірге атлеттердің өзара күресін көрген кезде «Эллиндер зорлық-зомбылыққа қарсы заң шығарды, бірақ, төбелеске түсіп бір-бірін зәбірлеушілерге сыйлық береді» деп таңданысын жасара алмаған екен.

Анахарсис афиндіктерге хатында эллиндер еліндегі тілге байланысты кемсітушілікті, олардың өз тілінде қате сөйлеген адамға менсінбей қарауын сынға алады. Ол аттика тілінде керемет сөйлейтін, бірақ, үлкен зиян келтіруі мүмкін адамдардың соңынан ергенше, сөйлеу тілі нашар болса да ниеті жақсы адамдардың тілін алған дұрыс деген пікір білдіреді. Олай ойлауының басты себебі ретінде ақылды адамдардың барлығының ойы бір жерден шығатынын келтіреді.

Адамдардың барлығының тең екендігін, бір халықтың екінші халықтан еш артықшылығы жоқ екендігін Анахарсис Солонға жазған хатында нақты мысалдармен дәйектейді. Ол эллиндердің мәдениетінің алға озып, кейбір мәселелер бойынша сақтардан көп жетістіктерге жетсе де саналық деңгейде сақтармен бір дәрежеде екендігін айта келіп, гректер мен варварлардағы ақылдылық пен ақымақтықтың белгілері бір екендігін алға тартады. Осылайша, Анахарсис шыққан ұлтына қарамастан адамдардың тең дәрежеде болатындығын, адамдарға олардың ұлтына қарап баға беруге болмайтындығын түсіндіреді.

Лукиан Самосатский Анахарсис пен Солонның арасында болған әңгімені «Анахарсис немесе денені жаттықтыру жайлы» деген әңгімесінде баяндайды. Бұл әңгімеде олар әр елдің өз салт-дәстүрі жайлы және оларды бөтен елдің адамдарының қалай қабылдайтындығы жайлы сөз етеді. Солон Спартадағы Ликург заңдары бойынша жасөспірімдерді сабап, шынықтыру жайлы айтқан соң Анахарсис былай деді: «Сен мүмкін адамның өзіне де еліне де қажеті болмаса

да екі қолын көтеріп тұрып соққы жеуінің қалай болатындығын түсінетін боларсың. Мен егер қашан да бір Спартаға барып осы істің үстінен түсер болсам, жасөспірімдерді ұрылар мен тонаушылар немесе өзге де қылмыскерлер сияқты ұрып қорлағаны үшін халықты таспен ұрып қуалайтын болармын. Менің ойымша, еріккеннен өз азаматтарын осындай күлкілі жағдайда қорлайтын мемлекет томар дәрі (улы шөп) тамырына зәру» [9, 228 б.]. Бұдан біз Анахарсистің мемлекеттің қандай жағдай болмасын өз билігін шектен тыс пайдаланып, азаматтарға артық қысым көрсетуіне қарсылығын байқаймыз. Анахарсис үшін тұрпайы болып көрінген денені жаттықтыру жайлы түсіндіріп берген соң, Солон одан «Әрине, Анахарсис, гимнастика саған бөтен, скиф әдет-ғұрпына жат болып көрінуі мүмкін, сол сияқты сендерде де сен біздің сабақтарымызға қатысқан сияқты біздікілердің бірі қатысса біздерге, эллиндерге тұрпайы көрінетін оқу мен үйрену пәндері бар шығар» деп сұрайды. Анахарсис оған күннің батып кеткенін айтып әңгімені ертең жалғастыруды ұсынады. Осылайша, екі ойшыл әрқайсысының дүниетанымының өзі үшін артықтығын түсініп, оны өз түсінігімен қарастыруға болмайтыны жайлы ой түйіндейді.

Анахарсистің саяси-құқықтық ой-пікірлерімен таныса отырып, біз оның екі бірдей мәдениетті бойына сіңіріп, мемлекет пен құқық жайлы тұшымды ойлар тудыра білген өз заманының озық ойшылы дәрежесіне көтерілген ғұлама екендігіне көз жеткіземіз. Дей тұрсақ та, Анахарсистің саяси-құқықтық ұстанымдарына эллинизмнің тигізген әсерін жоққа шығара алмаймыз.

Әдебиеттер

1 Алтаев Ж. Анахарсистен бастау алған дала философиясы Төле биге де өз әсерін тигізді. //Аңыз адам. №22(34) қараша 2011 ж. – 30-31 бб.

2 Есім Ғ. Анахарсис. //Қазақстан Республикасы ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – №3. –1993. – 25-32 бб.

3 Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. – М.: Мысль, 1979. – 620 с.

4 Хазанов А.М. Социальная история скифов. – М.: Наука, 1975. – 344 с.

5 Нахов И.М. Антология кинизма. Фрагменты сочинений кинических мыслителей. – М.: Наука, 1984. – 399 с.

6 Геродот. Страна Скифов. – Алматы: Кочевники, 2003. – 168 с.

7 Дәдебаев Ж. Адам және заман. – Алматы: Өнер, 2007. – 368 б.

8 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: он томдық. 3-том: Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.д. 1-мыңжылдық – XY ғ. соңы). – Алматы, 2007. – 480 б.

9 Лукиан Самосатский. Сочинения. Том 1. – Санкт-Петербург: Алетея, 2001. – 480 с.

10 Плутарх. Застольные беседы. – Л.: Наука, 1990. – 390 с.

References

1 Altaev Zh. Anaharsisten bastau alған dala filosofijasy Төle bige de өz әserin tigizdi. //Аңyz adam. №22(34) қarasha 2011 zh. – 30-31 b.

2 Esim Ғ. Anaharsis. //Қazақstan Respublikasy ҰҒA Habarlary. Қoғamdyқ ғylymdar serijasy. – №3. –1993. – 25-32 b.

3 Diogen Lajertskij. O zhizni, uchenijah i izrechenijah znamenityh filosofov. – M.: Mysl’, 1979. – 620 s.

4 Hazanov A.M. Social’naja istorija skifov. – M.: Nauka, 1975. – 344 s.

5 Nahov I.M. Antologija kinizma. Fragmenty sochinenij kini-cheskih myslitelej. – M.: Nauka, 1984. – 399 s.

6 Gerodot. Strana Skifov. – Almaty: Kochevniki, 2003. – 168 s.

7 Dədebaev Zh. Adam zhəne zaman. – Almaty: Өner, 2007. – 368 bet.

8 Қazақtyң tәlimdik ojlar antologijasy: on tomdyқ. 3-tom: Көne zhazba mұralar tағylymy (b.z.d. 1-myңzhyldyқ – HY ғ. soңy). – Almaty, 2007. – 480 bet.

9 Lukian Samosatskij. Sochinenija. Tom 1. – Sankt-Peterburg: Aleteja, 2001. – 480 s.

10 Plutarh. Zastol’nye besedy. – L.: Nauka, 1990. – 390 s.

Мирамбаева Г.Ж.

Тікелей демократия институтының теориялық мәселелері

Бұл мақалада тікелей демократия институтының теориялық мәселелеріне талдау жасалынады. Мақаланың мақсаты тікелей демократия институтының теориялық-құқықтық маңыздылығын көрсету. Тікелей демократия құқықтық мемлекетті құруда аса маңызды құндылық болып табылады. Демократияның осы түрінің заңнамалық бекітілуі арқылы, халықтың билікке араласуы жүзеге асырылады. Мақалада құқықтың талдау, салыстыру және тарихи құқықтық әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: демократия, мемлекет, құқықтық мемлекет, парламент, құқық, құқықтың қайнар көздері, қағидалар.

Mirambaeva G.Zh.

Theoretical problems of direct democracy

This article analyses of the theoretical problems of the institute of direct democracy. The aim of the article is to consider the theoretical and legal significance of direct democracy. Institute of the direct democracy is the most important value in building a constitutional state. By fixing this kind of democracy can be implemented democracy. The paper used legal methods as analysis, comparison and historical – legal method.

Key words: democracy, government, rule of law, parliamentary law, sources of law principles.

Мирамбаева Г.Ж.

Теоретические проблемы непосредственной демократии

В данной статье анализируются теоретические проблемы института непосредственной демократии, показывается теоретико-правовая значимость непосредственной демократии. Исниститут непосредственной демократии является важной ценностью в становлении правового государства. Путем закрепления этого вида демократии могут осуществлять народовластие. Автором использованы правовые методы, такие как анализ, сравнение, а также историко-правовой метод.

Ключевые слова: демократия, государство, правовое государство, парламент, право, источники права, принципы.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 340.1; 321.01

Мирамбаева Г.Ж.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
E-mail: mirambaeva__gulnaz@mail.ru

ТІКЕЛЕЙ ДЕМОКРАТИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Демократия – адамзат қоғамының басты элементі. Оның қалыптасу процесі қоғам тарихының дамуымен бірге ұзақ уақытта болды. Демократия ұғымы ғылымда әрқашан әртүрлі көзқараста талқыланып келді. Сондықтан, ол туралы сан қилы тұжырымдар болғандығы таңқалатын мәселе емес [1, 5]. Біріншіден, ғалымдар демократияны билікті жүзеге асыру әдіс-тәсілдері деп түсіндірсе, екіншілері оны мемлекеттің нысаны деп, ал енді ғалымдардың үшінші тобы сыныптық сипатына сүйенеді. Төртінші топтағы ғалымдар демократияны мемлекеттік билікті жүзеге асыру нысаны деп түсіндіреді. Жалпы мағынада демократия «халықтың билігі» деген мағынаны білдіреді (ежелгі грек тілінен аударғанда «Demos» – халық, «*Cratos*» – билік). Демократия халықтың билігі, яғни халықтың атынан оның мүддесі үшін жүзеге асырылатын билік [2, 12]. Алайда, демократия кез келген нақты тарихи сатыда – ол тек қана мемлекеттің жария билігін жүзеге асырудың институционалды рәсімдеудің ережелері болуымен ғана шектелмеген. Өзінің бастапқы өркениетті мәніндегі демократия, ол азаматтардың саналы түрде мемлекеттік басқарудың және саясаттың толыққанды субъектісі бола тұра мемлекеттік билікті ұйымдастыруға, қызмет етуіне қатысуы. Халық билігін жүзеге асыру кез келген мемлекетте халықтық биліктің болуымен сипатталады. Сонымен, демократия дегеніміз мемлекеттік биліктің негізгі қайнар көзі, құқықтар мен бостандықтар, еркін өмір сүруге мүмкіндік берілген халық болып табылатын, қоғамды саяси ұйымдастырудың нысаны [3, 33]. Аталғандарға сүйене отырып демократияның белгілерін қарастырамыз:

– демократия – қоғамның саяси ұйымдастырылуының нысаны;

– демократия мемлекеттік басқаруда қолданылатын әдіс-тәсілдердің көрінісі болып табылады;

– демократиялық мемлекетте биліктің негізгі қайнар көзі халық болып табылады;

– демократиялық қоғамда азаматтар адамның, адамзаттың еркін қалыптасуына, дамуына мүмкіндік беретін құқықтар мен бостандықтарға ие болады.

XVIII ғ. ғалымдары адам заңмен тыйым салынбағандардың барлығы жасауға құқылы деген. Демократиялық қоғамда адам-

дар мамандықты, қызмет түрін таңдауға және сайлауға, сайлануға құқылы болып келеді [4, 243]. Халықтың еркін жүзеге асыру нысанына қарай ғылымда және конституциялық-құқықтық тәжірибе тікелей демократия және өкілді демократия ажыратылады [5, 176].

Тікелей демократия институты, өкілді демократия институтынан ертерек қалыптасқан және ол туралы Гомердің туындыларында да кездеседі. Екі антикалық ұлы мемлекеттерде Ежелгі Афина мен Ежелгі Римде – саяси билікті алып жүретін звено азаматтық қоғам болатын. Бұл жерде азаматтарға заңдарды қабылдауға және мемлекеттік басқару органдарының құрамын сайлауға мүмкіндік беретін тікелей демократия жүйесінің элементтері анық байқалған. Мемлекет азаматтарының мемлекет істерін басқаруға қатысу мәселелері, сонымен қатар антикалық философтарының еңбектерінде де бар. Демокрит, Платон, Аристотель еңбектері тікелей демократиямен байланысты. Осылайша, Демокрит грек құлиеленушілік демократияны жақтаған. Ал, Сократ, азаматтардың белгілі бір топтарынан құралатын аристократтардың билігін қолдаған. Платон көзқарасы бойынша, демократия мемлекетті басқарудың тираниямен қатар тиімсіз құралы. Аристотель өз еңбектерінде, азаматтардың белсенді қызметіне мән берді. Аристотельдің пікірінше, еркін азаматтар мемлекетің басқару ісіне қатысуға міндетті [6, 14].

Сонымен оны мәселелерді зерттеп анықтау үшін, алдымен, тікелей демократия ұғымын ашып алуымыз қажет. Мұндай ұғымды анықтау үшін, бұл институтты өзге институттардан ерекшелендіретін белгілерге сүйене отырып бастапқы көзқарастарды нақты анықтауды қажет етеді. Нақты ұғымның болмауы тікелей демократия институтын демократияның өзге түрлерінен ажыратуда қиындық тудырады және де ол зерттеу жұмыстарының нәтижесіне әсер етіп қана қоймай, оның ғылыми құндылығының жоғалуына себепкер болады.

Тікелей демократиямен айналысатын ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып қарастыру, бірқатар теориялық-әдістемелік қорытындылар жасауға септігін тигізеді.

Тікелей демократияны анықтауда, ғылыми қауымның көп қолдау көрсеткен пікір ол профессор В.Ф. Котоктың пікірі бойынша, тікелей демократия – ол халық бастамашылығы және өзіндік қызметі, мемлекеттік шешімдерді жасаудағы және қабылдаудағы, халықтың тікелей еркі, және ол шешімдерді жүзеге асыруға, халықтық қадағалауға тікелей қатысу [7, 3].

Бұл анықтаманың мәні халықтың басқаруға қатысуымен байланысты тікелей ерік білдіру әрекетін қамтиды: біріншіден, халықтың мемлекеттік шешімдерді жасауға және қабылдауға қатысуға, оларды жүзеге асырып, халықтық бақылау қызметін орындау деп көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл қызметтер өздігінен алынбай, мемлекеттік басқарумен бірге қоғамдық қызметпен байланысты болады.

Тікелей демократия ұғымына неғұрлым кең анықтаманы өзге авторлар да береді. Г.В. Барабашеваның және К.Ф. Шереметтің көзқарастары бойынша, тікелей демократия елдегі мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлығын қамтиды, шаруашылық және әлеуметтік мәдени құрылымдағы барлық салаларды және саяси жүйенің барлық сатыларын қамтиды [8, 92].

А.Г. Шахназаров тікелей демократия ұғымын, азаматтардың барлығының тікелей және нақты ерік білдіруі негізінде шешім қабылдайтын тәртіп деп түсіндіреді. Қоғамдық өмірдегі тікелей демократияның ең қарапайым нысаны – партиялық, кәсіподақтық және комсомолдық жиналыстарды, шаруашылық кәсіпорындарда барлық ұжымның қатысуымен өтетін жиналыстарда, колхоздың жалпы жиналысына т.б. халықтың қатысып, дауыс беруі. Тікелей демократияның ең жоғарғы нысаны референдум болып табылады, яғни мемлекеттің бүкіл аумағында немесе оның жекелеген бөліктік аумағында өткізілетін бүкілхалықтық дауыс беру үрдісі [9, 137].

Көрсетілген авторлардың пікірлерінің барлығына ортақ мәселе, ол тікелей демократия әрекет ету шеңберіне тек қана мемлекеттік басқаруды қоспай, сонымен қатар қоғамдық қызметті де атқарады. Бұл көзқарастар, халықтың мемлекеттік басқару қызметіне қатысуымен, қоғамдық өмірді басқару қызметіне қатысуды ажыратып, негіздеуді қажет етеді. Бұл екі қызмет мәні, сипаты, салдары бойынша бір-бірімен сәйкес келмейді. Біздің пікірімізше, тікелей демократия бұл халықтың мемлекеттік басқару істеріне тікелей өздерінің қатысуы, ал халықтың қоғамдық басқаруға қатысуын тек қана шартты түрде қарастырған дұрыс.

«Тікелей басқаруға қатысу», «тікелей халық билігі» терминдері нақтылануды қажет етеді. Профессор И.Е. Фарбердің пікірінше, «Тікелей демократия барысында халық тікелей, ешқандай өкілдерсіз, қоғамды басқару мәселелерін шешеді. Мұндай халықтың тікелей еркін білдіру нысандарына мысал ретінде мемлекеттік билік органдарының сайлауы, референдум, жалпы

жиналыс, және т.б. атауымызға болады». Басқаша айтқанда, И.Е. Фарбер бойынша, тікелей демократияның белгісі болып, халықтың қатысуына кедергі келтіретін қандай да бір құралдардың болмауы. Бұл жағдайда халық, тікелей демократия нысанын қолдану барысында халық ешқандай кедергісіз өз еркін жүзеге асыруға мүмкіндігі болады [10, 119].

Ең алдымен тікелей демократия – демократияның жекелеген түрлерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, бұл институт жалпы демократияның дамуына, заңдылықтарына, маңызды белгілеріне бағынады. Оның өкілдік демократиямен ортақ белгілері де бар. Сонымен қатар, тікелей демократия өкілдік демократиядан өзіндік ерекшеліктерімен спецификалық белгілерімен ажыратылады. Бұларды бірыңғай ұғым ретінде қабылдауға болмайды, бұл тек теориялық емес, сонымен қатар тәжірибелік сипаттағы қателіктерге әкеп соқтырады. Аталғандардан, тікелей демократия ұғымын анықтап алу үшін ең алдымен, демократияның жалпы ұғымының мәнін ашып, екіншіден, тікелей демократияны өкілді демократия институтынан ажыратып қарастыру қажет. Бұл шарттарды орындамайынша, нақты тікелей демократияның мәнін, оның қоғам өмірінде алатын ролін анықтау мүмкін емес.

Демократия биліктің қызметімен тікелей байланысты ұғым. Нақты мағынада, демократия қоғамда халықтың билігін жүзеге асыруын не болмаса билікті жүзеге асыруға қатысуын білдіреді. Мемлекеттік – ұйымдастырылған қоғамда демократия бірінші кезекте, мемлекеттік билікті жүзеге асыру мен қолдануды білдіреді, ал нақтырақ айтсақ, халықты мемлекеттік басқаруға тарту дегенді білдіреді. Әлбетте, тек халықпен билікті толығымен жүзеге асыру тәжірибелік тұрғыда мүмкін емес, себебі, халық мемлекеттің барлық мәселелері жөнінде толық хабардар болмауымен байланысты құқықтық мәдениеті жетіспейді. Дегенмен де, халық билікті жүзеге асыру үшін өз өкілдеріне беруі мүмкін. Соған қарамастан, қоғамды мемлекеттік басқару мәселелері жартылай немесе толығымен халықтың өзіне берілуі қажет. Мұндай мәселелердің шеңбері кеңейген сайын басқаруды демократияландыру мүмкіндіктері де арта түседі.

Тікелей демократия субъектісі туралы мәселені шешуге тоқталатын болсақ, өкілді демократия кезінде халықтың өзі басқарушылық процеске қатыспайды, тек, оның атынан билікті уәкілетті халық органдары жүзеге асырады. Сондықтан, тікелей демократия кезінде халық басқару қызметінің жанама субектісі ретінде анықталады. Халықты биліктік қызметтің тек қорытынды мәніндегі субъектісі ғана деп атауға болады. Ал ағымдағы барлық басқарушылық жұмыстарды, көбінесе халықтың сенімін ақтамайтын өкілді сенім білдірілген адамдар тобы жүзеге асырады. Ал тікелей демократия кезінде өзгеше жағдай орын алады. Бұл жерде халық басқарушылық қызметті жүзеге асыра отырып, тікелей субъект болып табылады. Бұл жерде тікелей демократияның құндылығы сонда, қоғамның өзі тікелей басқаруға толығымен немесе бір бөлігі болса да өз үлесін қосу мүмкіндігінде.

Тікелей демократияның субъектілік мәселесі нақты нысанға байланысты әр түрлі болып келеді. Сондықтан ол бірыңғай емес, бір жағдайларда, елдің бүкіл сайлау корпусы жөнінде мәселе қойылса (Президентті сайлау кезінде немесе Қазақстан Республикасының Парламент мәжілісінің құрамын сайлау кезінде) немесе жекелеген аумақтарда (Қазақстандағы маслихаттар сайлауы кезінде, ал енді бір жағдайда, ауылдық және жергілікті қалалық деңгейде (жергілікті өзін-өзі басқару қызмет еткен жағдайда), ал төртінші жағдайда, қоғамдық бірлестік мүшелерінің құрамы туралы мәселе қозғалған кезде (қоғамдық бірлестіктерді басқару ісіне қатыстырған жағдайда және т.б.). Аталған халықтың субъектілігі нысанының әрқайсысының мәртебесі басқа нысандардан ерекшеленеді және бұл ерекшелік заңнамалық деңгейде бекітілген.

Нақты азамат, адам, индивидум көрсетілген тікелей демократияның халықтың субъектілігінің көрсетілген нысанында жойылып кетпейді. Ол өзінің жеке даралығын қандайда бір қызметтің нұсқасын таңдай отырып өзінің позициясын жүзеге асыра алады. Ал бірлескен ұжымдық талқылау кезінде және шешім қабылдау кезінде талқылаудың өзге субъектілерінің көзқарасына ықпал ету мүмкіндігіне ие болады. Осылайша, заңи күші әрбір жеке азаматтың ерік білдіре отырып, барлығының еркінің жиынтығы нысанында болады. Барлық азаматтар еркінің қорытыныдысы қойылған мәселенің түпкілікті шешімі болып табылады. Яғни, жалпы шешім барлық жекелеген азаматтардың жеке мүдделерінің жүйеленген қорытындысы болып табылады.

Тікелей демократияға жалпы сипаттама беру барысында, онда қабылданған шешімдердің міндетті немесе міндетті болмауы белгісіне

тікелей байланысты. Тікелей демократияның аталған белгісіне сүйене отырып, кейбір авторлар тікелей демократияны императивтік нысанға және консультативтік сипаттағы нысанға бөліп қарастырады, ал өзгелері – императивтік және кеңесу институты деп бөледі. Бұл көзқарастардың бірқатар терминологиялық ерекшеліктеріне қарамастан ұқсас, мәні бойынша дұрыс ұғымдар. Сондықтан барлығына белгілі тікелей демократияның императивті және консультативтік нысандарын басшылыққа алып зерттеу, бірқатар теориялық нәтижелі қорытындылар жасауға көмектеседі. Бұл нысандар тікелей демократияны неғұрлым терең түсінуге көмектеседі [11, 12].

Тікелей демократияның императивтік нысанынының белгілеріне көбінесе референдумды жатқызамыз. 1995 ж. 15 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға сәйкес, Республикалық референдум – Қазақстан Республиксының Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекет өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру [12]. Анықтамаға сәйкес, референдум барысында, халық заң қабылдайды (соның ішінде Конституцияны) және де мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдайды. Референдум қорытындысы басқа жақтың бекітуін талап етпейтін, жоғарғы заңи күшке ие, барлығымен орындалуға жататын түпкілікті шешім болып табылады.

Императивтік нысанға, сонымен қатар мемлекет басшысымен, Парламент мәжілісі депутаттарын, маслихат депутаттарын сайлауы жатады: бұл жерде егер де заң талаптары сақтала отырып өткізілген сайлау болса, сайлау корпусының қорытындысы міндетті сипатқа ие болады.

Ал, тікелей демократияның консультативтік нысанына тоқталатын болсақ, оған халықтың қатыстырылуымен заң жобасын немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді талқылауы, басқарудың жекелеген мәселелерін талқылау жөнінде қызметкерлердің жиналысын жатқызамыз. Көрсетілген тікелей демократияның нысанындағы халықтың еркі міндетті сипатқа ие болмайды, керісінше, ұсыныстық сипатқа ие болады.

Сонымен, жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, тікелей демократия деп төмендегі демократия белгілеріне сәйкес келетін демократияны айтамыз:

– тікелей демократия, мемлекетті және қоғамды басқаруда халық тікелей ешқандай органның немесе құрылымның араласуынсыз қатысады;

– тікелей демократия басқарушылық қызметтің әр түрлі нысанында көрініс табады (дауыс беру, талқылау, шешім қабылдау), бұл нысандар барлық қоғамның немесе мемлекеттің және қоғамның барлық қатысушыларына міндетті болатын императивтік және міндетті болмайтын ұсыныстық сипатта болады;

– тікелей демократия заңмен көрсетілген мемлекеттің және қоғамның шеңберінде ғана таратылады және нақты мәселелердің тізбесін қамтиды.

Аталған белгілерге сүйене отырып біздің пікірімізше, тікелей демократия институтына мынандай анықтама берген жөн. Тікелей демократия – демократияның бір нысаны ретінде халықтың мемлекет және қоғам өмірінің басқару істеріне ешқандай органдардың немесе құрылымның араласуынсыз, заңмен көзделген негіздер және нақты мәселелер бойынша тікелей өз еріктерін білдіру нысаны.

Әдебиеттер

1 История права и демократии: учебное пособие. – Алматы: Бастау, 2002. – 288 с.

2 Шомникова Д.В. Непосредственная демократия в Российской Федерации и роль органов внутренних дел в ее реализации: дисс. на соиск. д..ю.н. – М., 2001.

3 Ершов Ю.А. Политическая демократия и электорально-правовая культура граждан // Государство и право. – 1997. – №1. – С. 33.

4 История права и демократии: учебное пособие. – Алматы: Бастау, 2002. – 288 с.

5 Сапарғалиев Ғ. С. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. – Изд.3-е доп. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 544 с.

6 Очерки по истории и выборов избирательного права: учебное пособие / под. ред. Ю.А. Веденеева, Н.А. Богодаровой. – Калуга, 1997. – 360 с.

7 Коток В.Ф. Проблемы развития непосредственной демократии в Советском государстве: автореферат на соискание ученой степени д.ю.н. – М., 1965.

8 Барабашева Г.В., Старовойтов Н.Г., Шеремет К.Ф. Советы народных депутатов на этапе совершенствования социализма. – М.: Изд-во «Юридическая литература» 1987. – 361 с.

9 Шахназаров Г.Х. Социалистическая демократия. Некоторые вопросы теории. – М.: Политиздат, 1974. – 256 с.
10 Фарбер И.Е. Советское государственное право. – Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1979.
11 Баймаханова Д.М. Конституционные проблемы развития непосредственной демократии (на материалах Республики Казахстан): дисс.на соискание ученой степени к.ю.н. – Алматы, 1998. – 26 с.
12 «Республикалық референдум туралы» 1995 ж. 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.

References

1 Istorija prava i demokratii: uchebnoe posobie. – Almaty: Bastau, 2002. – 288 s.
2 Shomnikova D.V. Neposredstvennaja demokratija v Rossijskoj Federacii i rol' organov vnutrennih del v ee realizacii: diss. na soisk. d..ju.n. – M., 2001.
3 Ershov Ju.A. Politicheskaja demokratija i jelektoral'no-pravovaja kul'tura grazhdan // Gosudarstvo i pravo. – 1997. – №1. – S. 33.
4 Istorija prava i demokratii: uchebnoe posobie. – Almaty: Bastau, 2002. – 288 s.
5 Saparғaliev F. S. Konstitucionnoe pravo Respubliki Kazahstan: Akademicheskij kurs. – Izd.3-e dop. – Almaty: Zheti zharғy, 2007. – 544 s.
6 Ocherki po istorii i vyborov izbiratel'nogo prava uchebnoe posobie / pod. red. Ju.A. Vedeneeva, N.A. Bogodarovoj. – Kaluga 1997. – 360 s.
7 Kotok V.F. Problemy razvitija neposredstvennoj demokratii v Sovetskom gosudarstve: avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni d.ju.n. – M., 1965.
8 Barabasheva G.V., Starovojtov N.G., Sheremet K.F. Sovety narodnyh deputatov na jetape sovershenstvovanija socializma. – M.: Izd-vo «Juridicheskaja literatura» 1987. – 361 s.
9 Shahnazarov G.H. Socialisticheskaja demokratija. Nekotorye voprosy teorii. – M.: Politizdat, 1974. – 256 s.
10 Farber I.E. Sovetskoe gosudarstvennoe pravo. – Saratov: Izd-vo Saratovskogo universiteta, 1979.
11 Bajmahanova D.M. Konstitucionnye problemy razvitija neposredstvennoj demokratii (na materialah Respubliki Kazahstan): diss.na soiskanie uchenoj stepeni k.ju.n. – Almaty, 1998. – 26 s.
12 «Respublikalyk referendum turaly» 1995 zh. 15 karashadagy Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijalyk zany.

2-бөлім

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫ

Раздел 2

КОНСТИТУЦИОННОЕ И АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО

Section 2

CONSTITUTIONAL AND ADMISTRATIVE LAW

Алибеков С.Т.

25 лет таможенной службе суверенного Казахстана

В статье рассматриваются вопросы становления таможенной службы. Таможенная сфера (таможенная политика и таможенное дело) относится к числу реальных сфер и рычагов, оказывающих влияние на развитие государства, также влияющих на интеграционные и глобализационные процессы. Данная категория стала использоваться в отрасли казахстанского таможенного права, также – в различных аспектах была затронута в исследованиях разных областей научных знаний как казахстанских, так и зарубежных ученых. Как известно, таможенная политика выступает как составная часть внутренней и внешней политики, имеет законодательно определенные цели, и в основном экономического содержания. Таможенное же дело представляет своего рода средство (инструментарий) достижения целей этой политики с тенденциями на упрощение процедур и таможенного администрирования. В этом качестве мы рассматриваем их в структуре таможенной сферы, они же могут выступить при определенных условиях в качестве элементов таможенной системы в целом.

Ключевые слова: история таможенной службы, таможенная сфера, таможенная политика, таможенное дело, таможенный союз.

Alibekov S.N.

25 years of the customs service of the sovereign Kazakhstan

The article deals with the formation of the customs service. Customs sphere (customs policy and customs business) is one of the real areas and levers that influence the development of the state, it should also affect the integration and globalization processes. This category was used in the industry of Kazakhstan's customs law, and – in various aspects has been affected in studies of different areas of scientific knowledge both Kazakh and foreign scientists. As is known, the customs policy acts as an integral part of domestic and foreign policy, legislation has defined objectives and mainly economic content. Custom same thing is a kind of means (tools) to achieve the objectives of this policy, with the trends on the simplification of procedures and customs administration. As such, we consider them in custom sphere structure, they can also act under certain conditions as elements customs system.

Key words: history of customs service, customs area, customs policy, customs, customs union.

Алибеков С.Т.

Егеменді Қазақстанның кеден қызметіне 25 жыл

Мақалада кеден қызметінің қалыптасуының мәселесі қаралған. Кеден саласы (кеден саясаты және кеден ісі) мемлекеттің дамуына әсер ететін нақты бағыттар мен тетіктерінің қатарына жатады, сондай-ақ, интеграциялық және ғаламдастыру үдерістеріне әсер етуі тиіс. Бұл санатты Қазақстанның кендендік құқық саласында пайдаланылатын болған, сонымен қатар, әртүрлі аспектілерде қазақстандық және шетелдік ғалымдармен түрлі ғылыми білім салаларындағы зерттеулерінде қарастырылған. Белгілі болғандай, кеден саясаты ішкі және сыртқы саясаттың ажырамас бөлігі ретінде әрекет етеді, негізінен экономикалық мазмұндағы заңнамалық айқындалған міндеттері бар. Кеден ісі рәсімдер мен кендендік әкімшілендіруді жеңілдететін тенденциялар мен осы саясаттағы мақсаттарға жету үшін амалдар түрін (құралдар) береді. Бұл қатынаста біз оларды кеден саласының құрылымы ретінде қарастырамыз, яғни олар белгілі бір жағдайларда тұтастай кеден жүйесінің элементтері ретінде әрекет етуі мүмкін.

Түйін сөздер: кеден қызметінің тарихы, кеден саласы, кеден саясаты, кеден ісі, кеден одағы.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 342.6

Алибеков С.Т.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республики Казахстан, г. Алматы
E-mail: beka1954@mail.ru

25 ЛЕТ ТАМОЖЕННОЙ СЛУЖБЕ СУВЕРЕННОГО КАЗАХСТАНА

Создание таможенной системы и образование таможенной сферы Казахстана, как известно, связывается с обретением суверенитета и объявлением независимости. В течение 1990 года, еще в рамках бывшего СССР, в союзных и автономных республиках принимались декларации о государственном суверенитете, в которых рушились монополии Центра и «…провозглашались экономическая и политическая самостоятельность вплоть до создания своей армии, таможенной системы» [1, с. 143].

В частности, Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики от 25 октября 1990 года провозглашала статус суверенного государства; охрану, защиту и укрепление национальной государственности; неделимость и неприкосновенность территории; верховенство, самостоятельность и полноту государственной власти; право образовывать финансово-кредитную, налоговую и союзно-республиканскую таможенную системы; а также – самостоятельность решения вопросов внешнеэкономической деятельности [2].

Позже, в Конституционном законе Республики Казахстан «О государственной независимости Республики Казахстан» от 16 декабря 1991 года закрепляется право на организацию республиканской таможенной системы. Начало же системе самих таможенных органов положил Указ Президента Казахстана от 12 декабря 1991 года «Об образовании Таможенного комитета Республики Казахстан» [3].

С 1992 года в Казахстане применялись в основном нетарифные меры регулирования, тарифные меры носили достаточно условный характер. Законом «О таможенном тарифе и пошлине» от 24 декабря 1991 года предусматривался Таможенно-тарифный совет, призванный разрабатывать предложения об основных направлениях таможенно-тарифной политики, установлении, отмене или изменении таможенных пошлин и номенклатуры таможенного тарифа. Указанным Законом впервые устанавливалось, что ввозимые на таможенную территорию и вывозимые с единой таможенной территории Республики Казахстан товары и иные предметы подлежат обложению таможенной пошлиной. По содержанию этот Закон можно назвать

также первым в таможенной сфере документом, отвечающим международным правилам и стандартам, однако, к сожалению, он не стал актом прямого действия [4].

инструментов в ходе государственного регулирования. Как известно, в годы, предшествующие реформам, налоговые регуляторы в сфере государственного управления не применялись.

Важнейшая задача экономики страны на современном этапе – превращение ее в конкурентоспособное хозяйство, активно участвующее в мирохозяйственных связях. Налоговая система – наиболее активный рычаг государственного регулирования социально-экономического развития, инвестиционной стратегии, внешнеэкономической деятельности, структурных изменений в производстве, ускоренного развития приоритетных отраслей.

Для вывода экономики страны из кризиса и решения основных задач экономики государство использует различные экономические рычаги. Среди них важная роль принадлежит бюджетно-налоговым механизмам, функционирующим на различных уровнях.

Вот почему совершенствование и функционирование эффективной и рациональной налоговой системы является весьма значимой проблемой социально-экономической политики государства.

Принципиально важно исследовать политэкономическое содержание налоговых отношений и их формы, их субъекты и объекты, глубинные источники налогов, макроэкономические последствия тех или иных изменений налоговой системы. Решение этих проблем для современного Казахстана в процессе совершенствования рыночных отношений является особенно необходимым. Актуальность названных задач носит как экономический характер (для скорейшего преодоления хозяйственных сложностей), так и социальный характер (для рационального перераспределения доходов различных групп населения и направления налогов целевым образом на его нужды). Кроме того, процесс налогообложения может воздействовать на политическую стабильность в стране.

Эффективное государственное управление является одним из наиболее важных факторов экономического роста, который должен быть связан с повышением уровня жизни, поскольку рост ВВП или создание дополнительной добавленной стоимости при выпуске большего количества продукции увеличивает доходы страны, прибыль предпринимателей и заработную плату работников.

Очевидно, что исходной базой формирования доходов различных уровней является рациональное распределение налогов и закрепление их конкретных видов за национальным государственным и местными бюджетами. Следовательно, налоговая система унитарного государства, какой является Казахстан, должна сочетать четкие и законодательно закрепленные механизмы полномочий по установлению, взиманию и перераспределению налогов между соответствующими уровнями власти и управления.

Ибо перед страной стоят грандиозные задачи по реализации приоритетных национальных проектов в области здравоохранения, образования, обеспечения жильём, развития агропромышленного комплекса. Проведения структурных преобразований в экономике, модернизации инфраструктуры, перехода на инновационный путь развития экономики и социальной сферы. Понятно, что при решении этих масштабных и сложных задач вряд ли можно обойтись без определённых изменений в налоговой сфере. Такие изменения должны касаться совершенствования как отдельных налогов, так и налогового администрирования. При этом налоговая и бюджетная системы страны должны быть сбалансированы, а налоговая нагрузка по сравнению с имеющейся, как минимум, не должна повышаться.

Государство широко использует налоговую политику в качестве определенного регулятора воздействия на негативные явления рынка. Налоги, как и вся налоговая система, являются мощным инструментом управления экономикой в условиях рынка. От того, насколько правильно построена система налогообложения, зависит эффективное функционирование всего народного хозяйства.

На Западе налоговые вопросы давно уже занимают почетное место в финансовом планировании предприятий. В условиях высоких налоговых ставок неправильный или недостаточный учет налогового фактора может привести к весьма неблагоприятным последствиям или даже вызвать банкротство предприятия.

С другой стороны, правильное использование предусмотренных налоговым законодательством льгот и скидок может обеспечить не только сохранность полученных финансовых накоплений, но и возможность финансирования расширения деятельности, новых инвестиций за счет экономии на налогах или даже за счет возврата налоговых платежей из казны.

Между тем налоговая реформа, означающая, как известно, полное или частичное изменение налоговых отношений в результате соответствующего переустройства существовавшей

до этого налоговой системы с одновременным преобразованием прежнего механизма – системы управления налогами, представляет собой тоже систему, причем особую – экономическую.

Среди важнейших проблем, волнующих практически всех без исключения, была и остается налоговая политика государства. Со страниц газет, с экранов телевизоров и по радио мы слышим самые разнообразные, порой противоположные суждения о мерах, которые необходимо принять, чтобы уменьшить налоговую ставку, улучшить поступаемость платежей в бюджет и прекратить пути ухода от налогообложения. При этом все не забывают ратовать за усиление регулирующей функции налогов.

Возможности активного воздействия налоговой политики на экономическое развитие и социальные интересы требует её глубокого научного обоснования. Именно научный подход, знание и изучение всех факторов, определяющих политику, служат гарантией тому, что её относительная самостоятельность не перерастёт в независимость от объективных экономических отношений. Опыт финансового строительства доказывает, что отрыв налоговой политики от экономики оборачивается серьезными экономическими трудностями, неизбежно сдерживает реализацию возможностей, заложенных в налоговых инструментах.

Изменения социально-экономического развития общества всегда предопределяют проведение налоговых реформ. Поэтому в налоговой политике государство учитывает происходящие изменения в экономике страны, социальной сфере и др. Основным принципом любой налоговой реформы должно быть построение стабильной налоговой системы. Однако на каждом этапе, с учётом достигнутого уровня развития общества, направления налоговой реформы могут меняться, что вытекает из конкретных решаемых задач.

Экономическая ситуация любой страны диктует необходимые условия для формирования налоговой политики, от прозрачности которой зависит стабильная налоговая система.

Вот почему введение нового Налогового кодекса является важным этапом дальнейшего развития казахстанского налогового законодательства, который укрепит концептуальные основы налоговой системы, сформированной в предыдущие годы, с одновременным повышением эффективности правовых механизмов в налоговой сфере.

2008 год для налогообложения Казахстана – очередной этап налоговой системы, несмотря на его некоторую противоречивость, и общее направление, реформирования налоговой системы должно быть выбрано правильно. При проведении налоговой политики очень важно базироваться на концептуальных положениях, обеспечивающих адекватное использование налогов в рыночной экономике. Новый этап налоговой системы должен предусматривать долговременный курс в налоговой политике, ибо частое изменение вопросов налогообложения оказывает негативное влияние на экономические интересы налогоплательщиков.

Необходима широкая дискуссия, обмен мнениями и накопленным опытом. В ходе данного процесса предстоит и дальше совершенствовать механизм исчисления и сбора отдельных основных налогов.

Одной из основных задач, решение которой имело концептуальное значение при разработке нового Налогового кодекса, являлось дальнейшее совершенствование налогового администрирования.

При разработке Налогового кодекса важно было решить такие задачи, как максимальное включение в него основных положений действующих нормативных правовых актов и документов разъяснительного характера по налогообложению, а также упрощению налоговых процедур.

Основные нарекания со стороны бизнесменов к деятельности налоговых органов вызывали действующие формы налоговой отчётности, а вернее, их чрезмерная сложность и объёмность. С учётом предложений налогоплательщиков новым Налоговым кодексом определены основные принципы ведения налогового учёта, в том числе раздельного налогового учёта, и требования к налоговой учётной политике. В целях недопущения необоснованного увеличения и усложнения, а также оптимизации форм налоговой отчётности (ФНО) кодексом установлены требования к содержанию ФНО по основным видам налогов: по корпоративному и индивидуальному подоходным налогам, социальному налогу и НДС.

При этом значительно сокращается налоговая отчётность за счёт исключения дополнительных форм к декларациям и расчётам.

Главной целью реформирования корпоративного подоходного налога является упрощение порядка исчисления и оптимизации налоговых льгот с одновременным снижением ставки налога.

Так, в сравнении с действовавшим Налоговым кодексом новый Налоговый кодекс устанавливает значительное снижение

ставки корпоративного подоходного налога: с 1 января 2009 г. ставка КПН составит 20%; с 1 января 2010 г. – 17%; с 1 января 2011 г. – 15%.

Кроме того, с 1 января 2011 г. ставка корпоративного подоходного налога, удерживаемого у источника выплаты, будет снижена до 10% [2].

В свою очередь, оптимизация льгот позволит расширить налогооблагаемую базу и обеспечит равные условия деятельности предприятий со схожим уровнем рентабельности.

Так, в новом Налоговом кодексе исключаются два особых налоговых режима: для нефтехимических производств и для производств с высокой добавленной стоимостью, в связи с неэффективностью данных режимов.

Основная проблема, решение которой преследовалось при написании нового Налогового кодекса, – создание механизма пресечения налоговых уклонений в международных сделках. Необходимо отметить, что новый Налоговый кодекс разрабатывался с учётом международного опыта, т.е. использовался опыт других развивающихся и развитых стран, которым удалось так или иначе решить те проблемы, которые у нас до настоящего времени не нашли. При этом, безусловно, новый Налоговый кодекс не был направлен на полное ужесточение налогообложения, напротив, были снижены ставки и даны освобождения от налогообложения в отношении различных видов доходов, потому что, как известно, основой процветания государства является стабильное и планомерное развитие бизнеса.

Важным этапом в развитии НДС в Республике Казахстан является переход на классическую схему НДС, который означает переход на возврат из бюджета всего (сложившегося после 1 января 2009 г.) превышения суммы НДС, относимого в зачёт, над суммой начисленного налога. С 1 января 2009 г. отменена нулевая ставка по НДС при реализации товаров на территории специальных экономических зон, а также отменено освобождение от НДС оборотов по реализации на территориях экономических зон определённых товаров, работ, услуг [3].

Ранее контракты на недропользование заключались в период несовершенства законодательства, отсутствия правовой основы, регулирующей порядок установления баланса экономических интересов сторон. Это привело к тому, что контракты с относительно равным геологическим и экономическим потенциалом имеют разную налоговую нагрузку. Кроме того, имеются контракты, в которых установлены налоговые обязательства, но отсутствуют механизмы их исчисления, непрозрачны механизмы уплаты налога на сверхприбыль, ставки роялти устанавливались индивидуально в каждом контракте, что, соответственно, приводит к неравномерному распределению налоговой нагрузки на недропользователей.

В связи с этим введён налог на добычу полезных ископаемых (НДПИ) взамен роялти. Введение НДПИ в отличие от роялтиобеспечит равномерное и справедливое распределение налоговой нагрузки на недропользователей.

Действующая налоговая система должна осуществляться в направлениях создания благоприятных налоговых условий для товаропроизводителей, стимулирования вложения заработных средств в инвестиционные программы, обеспечения льготного налогового режима для иностранных капиталов, привлекаемых в целях решения приоритетных задач развития казахстанской экономики. Эти направления имеют непосредственное отношение практически ко всем государственным и местным налогам. Среди них ключевое значение получают подоходные налоги и налог на добавленную стоимость, которые в решающей мере определяют налоговое бремя на товаропроизводителей и благодаря этому способны либо подавить производство, либо стать мощным рычагом его стимулирования.

Литература

1 Налоговый Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) от 10 декабря 2008 г.

2 Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый Кодекс). – Астана: Акорда. 10.12.08 г.

3 Нурумов А.А. Налоги и финансы рыночной экономики. – Астана: Елорда, 2004. –304 с.

4 Нурхалиева Д.М., Омирбаев С.М., Омарова Ш.А. Налоги и налогообложение в Республике Казахстан: учебник для Вузов. – Астана: «Сарыарка», 2007. – 400 с. Фамилия автора: Исмагулова А.У.

5 Посткризисные ориентиры социально-экономического и инновационного развития Казахстана. – Караганда, 2010.

References

1 Nalogovyj Kodeks Respubliki Kazahstan «O nalogah i drugih objazatel'nyh platezhah v bjudzhet» (Nalogovyj kodeks) ot 10 dekabrja 2008 g.

2 Zakon Respubliki Kazahstan «O vvedenii v dejstvie Kodeksa Respubliki Kazahstan «O nalogah i drugih objazatel'nyh platezhah v bjudzhet» (Nalogovyj Ko-deks). – Astana: Akorda. 10.12.08 g.

3 Nurumov A.A. Nalogi i finansy rynochnoj jekonomiki. – Astana: Elorda, 2004. –304 s.

4 Nurhalieva D.M., Omirbaev S.M., Omarova Sh.A. Nalogi i nalogooblozhenie v Respublike Kazahstan: uchebnik dlja Vuzov. – Astana: «Saryarka», 2007. – 400 s. Familija avtora: Ismagulova A.U.

5 Postkrizisnye orientiry social'no-jekonomicheskogo i innovacionnogo razvi-tija Kazahstana. – Karaganda, 2010.

5-бөлім

ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Раздел 5

ПРИРОДОРЕСУРСОВОЕ И ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ПРАВО

Section 5

NATURAL RESOURCES AND ECOLOGY LAW

Еркінбаева Л.Қ., Телеуев Г.Б.

Қазақстан Республикасында баламалы энергетиканы қолдану мен дамытудағы мемлекеттік органдарының қызметін жетілдірудің құқықтық мәселелері

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында баламалы энергетика көздерін пайдалану мен қолдану саласындағы мемлекеттік органдар қызметін жетілдірудің теориялық құқықтық мәселелері қарастырылады. Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың дамуына байланысты, мемлекеттік реттеу тетіктері де, соның ішінде мемлекеттік органдар қызметі жетілдірілуі тиіс. Ғылыми жұмыстың мақсаты, баламалы энергетикалық мемлекеттік органдар құқықтық мәртебесін анықтап, қызметін жетілдіру жолдарын ұсыну. Отандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, қазақстандық баламалы энергетика мемлекеттік органдары нұсқасын анықтау. Ғылыми жұмыста салыстыру, талдау, эвристикалық секілді құқықтық зерттеу әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: баламалы энергия көздері, жаңартылатын энергия көздері, энергетика министрлігі, жаңартылатын энергия көздері жөніндегі департамент, мемлекеттік орган, энергия, энергетикалық қатынас.

Yerkinbayeva L.K., Teleuyev G.B.

Legal problems and improving the activities of state bodies in the sphere of use and development of alternative energy sources

The article considers theoretical and legal problems of improvement of activity of state bodies in the sphere of use and development of alternative energy sources. In connection with the development of renewable energy sources in the Republic of Kazakhstan , should be improvement the mechanism of the state regulation including the activities of state bodies. The aim of this work is to determine the legal status of state bodies in the sphere of use of alternative energy, development of proposals on improvement of their activities. On the basis of domestic and foreign experience to determine the model of the bodies for alternative sources of energy.In scientific work was used the methods of legal research as analysis, comparison, and heuristic method.

Key words: alternative energy sources, renewable energy sources, ministry of energy, department for renewable energy sources, public administration, energy, energetic attitude.

Еркинбаева Л.К.,Телеуев Г.Б.

Правовые проблемы и совершенствование деятельности государственных органов в сфере использования и развития альтернативных источников энергии

В данной статье рассмотрены теоретико-правовые проблемы совершенствования деятельности государственных органов в сфере использования и развития альтернативных источников энергии. В связи с развитием использования возобновляемых источников энергии в Республике Казахстан совершенствованию подлежат и механизм государственного регулирования, и деятельность государственных органов. Целью данной работы являются определение правового статуса государственных органов в сфере использования альтернативной энергетики, разработка предложений по усовершенствованию их деятельности. На основе отечественного и зарубежного опыта определяется модель органов альтернативных источников энергии. Автором были использованы методы правового исследования, как анализ, сравнение и эвристический метод.

Ключевые слова: альтернативные источники энергии, возобновляемые источники энергии, Министерство энергетики, департамент по возобновляемым источникам энергии, государственный орган, энергия, энергетическое отношение.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 349.6:502.175

Еркінбаева Л.Қ., *Телеуев Г.Б.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*E-mail: galim200385@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГЕТИКАНЫ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Энергетикалық қауіпсіздік, энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану, энергетикалық тиімді таза технологияларды енгізу Қазақстан Республикасы энергетикалық секторының дамуы мен қызмет етуінің негізгі қағидалары болып табылады. Энергия кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінде аса маңызды орынды иелене отырып, экономикалық өсуге елеулі ықпал игілік екені белгілі. Қазақстан Республикасында экономиканың бір секторы және энергетиканың түрі ретінде баламалы энергетиканы жаңаша қоғамдық қатынастарды қалыптастыратын инновациялық технология болып табылады. Баламалы энергетиканы қолданудың себептерін ғылыми әдебиеттер әр түрлі түсіндіргенімен, басты себептерін, біздің пікірімізше маңыздылығына қарай негізгі және қосымша себептер анықтауға болады. Негізгі себептерге:

1. Қоршаған ортаны қорғау саясатын ұстану.
2. Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықты мазалап отырған парниктік газдар шығындылары көлемін азайту.
3. Бүкіләлемдік климат өзгерісімен күресу.
4. Мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ал баламалы энергетиканың қосымша себептері болып, экономиканы дамыту, халықты жұмыспен қамту және мемлекетте жаңаша технологияны енгізу болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында баламалы энергетика энергетиканың бір түрі болғанымен де оны мемлекеттік реттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Себебі, баламалы энергия көздерінен алынатын энергия дәстүрлі энергетикамен бәсекелесуі ұзақ уақытты талап етеді. Дегенменде, Қазақстан Республикасы өзінің географиялық ерекшелігіне байланысты баламалы энергия көздерінің көптеген түрлерін дамытуда аса үлкен мүмкіндіктерге ие. Баламалы энергия көздерінің дамуына кедергілердің бірі ретінде баламалы энергетикалық органдардың жүйелі жұмыс жасамауында болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы президентінің 2050 стратегиясында «2050 жылға қарай елде энергияның баламалы және жаңғыртылатын түрлерін қоса алғандағы барлық энергия тұтынудың кем дегенде тең жартысы келуге тиіс» [1]. Мұндай ауқымды жоспарды орындау тиісті мемлекеттік реттеусіз бол-

майтыны сөзсіз. Сол себептен де, бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық энергетикасының жаңаша түрлерін қолдануға белсенді көшуге байланысты, энергетикалық сала тиімді жұмыс жасап, жоспарланған көрсеткіштерге жету үшін мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіруде қажет етуде.

Ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың мақсаты Қазақстан Республикасы баламалы энергетиканы мемлекеттік реттеу органдары мәртебесіне теориялық құқықтық талдау жасау, олардың қызметін жүзеге асыруда қайшылықтарды анықтап, оларды жою жолдарын ұсыну және осы салада авторлық тұжырымдар жасау болып табылады. Баламалы энергетика және оны мемлекеттік органдары жөнінде нақты ғылыми жұмыстар болмағанымен, жаңартылатын энергия көздерін мемлекеттік құқықтық реттеу мәселесі отандық және шетелдік заңгер ғалымдардың зерттеу пәні болып келеді.

Шетелдік ғалымдардың еңбегі ретінде Gary D. Allison and John L. Williams-ның «The Effects of State Laws and Regulations on the Development of Renewable Sources of Electric Energy» еңбегін атауымызға болады. Аталған жұмыста баламалы энергияны мемлекеттік реттеудің құқықтық нысандарына талдау жасалына отырып, нормативтік құқықтық актілердің, тұжырымдамалық актілер және бағдарламалардың іске аспау себептерін анықтап, олардың алдын алу жолдары ұсынылады және мемлекеттік реттеу органдарының ұйымдастырушылық құқықтық қызметіне саралау жасалынады [2].

Maria Pettersson-ның «Renewable Energy Developmentand the Function of Law» еңбегінде жаңартылатын энергия көздерін дамытудағы мемлекеттік органдардың кейбір қызметіне тоқтала отырып, саралау жасалынады [3].

Жаңартылатын энергия көздері мемлекеттік органдарының құзыретін кеңейтуге қатысты ғылыми пікірлер мен ұсыныстарды қамтитын ғылыми жұмыс отандық ғалым В.Қ. Бишимбаевтың ғылыми мақаласынан кездестіруге болады [4].

Мемлекет, құқық және экономика ұғымдарының арақатынасын қарастырған кезде мемлекеттің экономикаға ықпал ету тетігі немесе мемлекеттік реттеу мәселесі туындайды. Бұл мәселе теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады. Көп ретте экономиканың даму деңгейі мемлекеттік реттеуге байланысты болып келеді.

Баламалы энергетиканың дамуындағы мемлекеттік органдардың ролін мекеменің экологиялық климаттың жақсаруы мен экономикалық дамудағы қызметі ретінде қарастыруымызға болады. Жалпы тұрғыдан айтқанда баламалы энергетикалық органдардың қызметіне баламалы энергетикалық тұжырымдамалық құжаттарды қабылдау, оларды іске асыру мен құқықбұзушылық болған жағдайда алдын алу туралы әрекеттер жүйесін қамтиды.

Мемлекеттің мәні мен әлеуметтік мақсаты – қоғамның белгілі бір даму деңгейінде мақсаттар мен міндеттерді айқындайтын мемлекеттің қызметтің бағыттарының негізгі түйіні болып табылады. Мемлекеттің функциясын атқару мемлекеттік органдарға, уәкілетті тұлғаларға, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға тиесілі. Олар мемлекеттің функциясын жүзеге асырушы басты субъектілер [5, 236].

Сонымен, Мемлекеттің жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамыту функциясын іске асыратын басты субъектілер мемлекеттік органдар екені мәлім. Мемлекеттік органдар түрлі негіздер бойынша жіктеледі [6, 214].

Біздің пікірімізше мемлекет теориясы негізінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды мемлекеттік реттеу органдарын құзыреттілік сипатына қарай жаңартылатын энергия көздерін дамытудың жалпы құзырлы органдары және арнайы құзырлы органдары деп бөлуді ұсынамыз. Жаңартылатын энергия көздерін дамытудың жалпы құзырлы органдарына ҚР Президенті, Парламент, Үкіметті және жергілікті атқарушы органдарды жатқызуымызға болады. Ал арнайы құзырлы мемлекеттік органдарға Энергетика министрлігін жатқызамыз.

Республика Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға [7]. ҚР Президентінің мемлекетте баламалы және жаңартылатын энергия көздерін қолданудағы саясатты анықтауының көрінісі «Қазақстан – 2050» бағдарламасын атауымызға болады. Осы стратегияда 2050 жылға қарай Қазақстан алдына бірқатар міндеттер қойып төртінші міндет ретінде баламалы энергетиканы энергетиканы жалпы тұтыну көлемінің жартысына жеткізу арқылы табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу міндетін қойды [1].

Қазақстан Республикасы Парламенті заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы [8]. Яғни Парламент жаңартылатын энергия көздерін

пайдаланудағы құқықтық қатынастарды жанжақты реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілер қабылдау арқылы осы энергия түрлерін пайдалануды дамытудың негізін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздері туралы заңнаманың атқарылуына жауапты орган ретінде үкімет өзінің құзыреті шегінде құрылымдық бөлімдері арқылы заңнаманың орындалуына барынша жағдай жасайды. Үкімет алқалы орган болып табылады, Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды [9].

Баламалы энергетикалық арнайы орган қатарына энергетика министрлігін жатқызуымызға болады. Себебі, аталған орган қолданыстағы заңнама бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган ретінде анықталып, онын құзыреті төмендегідей бекітілген:

1) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінің энергия беруші ұйымдардың электр немесе жылу желілеріне қосылуын бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ережеге сәйкес энергетика министрлігінің түсінігі, Министрліктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері анықталады [10].

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау, мұнай өнімдерін өндіру, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр, электр энергетикасы, көмір өнеркәсібі, атом энергиясы, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалану, табиғат ресурстарын қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын, бақылау және қадағалау, тұрмыстық қатты қалдықтары кәдеге жарату, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, «жасыл экономиканы» дамыту мемлекеттік саясатын бақылау салаларында (бұдан әрі – реттелетін салалар) мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті

Министрліктің миссиясы: бәсекеге қабілеттіліктің, ұлттық және энергетикалық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында отын-энергетика кешенін дамыту, экономиканың энергия көздеріне өсіп отырған қажеттілігін қамтамасыз ету, оларды тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми-технологиялық әлеуетті дамыту, сондай-ақ қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау.

Осы нормаларға ғылыми талдау жасайтын болсақ, біріншіден энергетика министрлігі жаңартылатын энергия саласын дамытумен айналысатын орталық атқарушы орган екені түсінікті, екіншіден, министрлік миссиясын анықтайтын нормада, яғни ғылыми тілмен айтқанда стратегиялық міндеттерін анықтайтын нормада жаңартылатын энергия көздерін дамытуды көздейтін ешқандай норма жоқ. Осы жерде ұсынатынымыз министрлік миссиясы қатарына республикада жаңартылатын энергия көздерін дамытуға үнемі жағдай жасап отыру секілді норма енгізген жөн деп ойлаймыз.

Облыс, қала және республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органдары жергілікті климат, болашақтағы құрылысқа арналған жерлер, ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер жөнінде кең ақпаратқа ие. Сондықтан олар, жаңартылатын энергия көздері қондырғылары туралы нұсқаулық бере алады. Сол себептен де, жергілікті атқарушы органдардың жаңартылатын энергия қондырғыларын пайдалану жөнінде нұсқаулық беру міндетін заң арқылы бекіткеніміз жөн.

Шет мемлекеттерінің жаңартылатын энергия көздері саласындағы уәкілетті органдарына салыстырмалы құқықтық талдау жасайтын болсақ, жаңартылатын энергия көздерін дамытумен айналысатын шет мемлекеттер органдарының

құқықтық мәртебесі ең алдымен мемлекеттің басқару нысаны мен құрылым нысандарына байланысты болып келеді екен. Мәселен, АҚШ мемлекетін алсақ жаңартылатын энергетика саясатында құзырлы орган федералды орган және әрбір штатының жекелеген органдары қызмет атқарады екен. АҚШ мемлекетінде жаңартылатын энергия саласындағы бірден бір құзырлы орган Энергетика министрлігін атауымызға болады (Department of Energy (DOE)). АҚШ энергетика министрлігінің негізгі миссиясы ұлттық, экономикалық және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. АҚШ энергетика министрлігінің миссиясы өзінің энергия, қоршаған ортаны қорғау және ядролық мәселелерді ғылыми және технологиялық шешімдерді қабылдау арқылы Американың қауіпсіздігі мен гүлденуін қамтамасыз ету. АҚШ энергетика министрлігі тиімді, таза және қолжетімді энергетиканың дамуын қолдау арқылы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Министрлік сонымен қатар, американдық экономикалық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және американдықтардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында инновациялар мен жаңалықтар ашу үшін ғылыми зерттеулердің федералды қаржыландырылуын басқарады [11].

АҚШ энергетикалық министрлігі құрылымы бағдарламалар басқармасы, қызметкерлер басқармасы, лабораториялық және технологиялық орталық, маркетингті басқару, техникалық орталық (field sites) және өзге агенттіктерден тұрады.

Жаңартылатын энергия көздеріне қатысты бағдарламалық басқарма құрамында Энергетикалық тиімділік және жаңартылатын энергия көздері басқармасы (Office of Energy Efficiency and Renewable Energy (EERE)) қызмет етеді. Бұл басқарма Америка энергетика министрлігінің бір бөлігі ретінде жаңартылатын энергия көдерінен алынатын энергияның экономикадағы дәстүрлі энергетикамен бәсекелестігін қамтамасыз ету үшін инновациялық технологиямен ғылыми зерттеу желілерін басқара отырып энергетика стратегиясы арқылы Американың дамуында елеулі орынды иеленеді.

Энергетикалық тиімділік және жаңартылатын энергия көздері басқармасының міндеті ғаламдық экономиканың таза энергетикаға көшу жолында американдық лидерлікті қалыптастыру мен сақтау. Оның мақсаты таза, қолжетімді және қауіпсз энергетика негізінде мықты және гүлденуші Америка [12].

АҚШ энергетика министрлігінің құрамына бұл басқармамен қоса ұлттық жаңартылатын энергетика лабораториясы да кіреді. Оның мақсаты экологиялық таза энергия көздерін өндіру мен технология және әдістердің энергетикалық тиімділігін қамтамасыз ету, солармен байланысты ғылым мен техниканы дамыту, барлық деңгейде энергетикалық желілердің интеграциясы үшін инновация мен білімді қалыптастыру [11].

Австралия мемлекетінің жаңартылатын энергия көздері мемлекеттік реттеу органдары тәжірибесіне ғылыми талдау жасап көрелік. Австралия үкіметі әрдайым заңи тетіктер арқылы алдыңғы қатарлы технологиялар енгізу, арнаулы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру энергия тұтыну саласын қадағалауда заңнамалық бастамашылық ету құқығын пайдалану арқылы энергетиканың тиімділігін арттыру мен үнемдеуде кең ауқымды қолдау жасап отыр. Австралияда энергетикалық тиімділік пен энергетиканың үнемделуі мен тікелей айналысатын мемлекеттік органдар бар. Энергетикалық тиімділік және энергетиканы үнемдеудегі негізгі органдарға мыналарды жатқызамыз:

Энергия жөніндегі үкіметтік кеңес (the Ministerial Council on Energy) – Австралия үкіметінің үкімет аралық кеңесі қабылдайтын ұлттық энергетикалық саясатының нәтижесі негізінде Австралия үшін экономикалық және экологиялық басымдықтар ұсынуға жауапты Австралия энергетика нарығының ұлттық саяси және үкіметтік органы.

Австралия энергия жөніндегі үкіметтік кеңесі Австралия үкіметінің бастамасымен 2001 жылы маусым айында құрылды. Оның негізгі мақсаттары:

– Австралия энергетикалық секторының болашақта орын алуы мүмкін мәселелерін шешуде саясат қалыптастыру мен оның жұмысын үйлестіру және оған ұлттық қадағалауды қамтамасыз ету;

– Энергетикалық сектордың интеграциясы барысында қоршаған ортаға қолайлы ықпал ету жөніндегі кең ауқымды мәселелерге ұлттық жетекшілік ету [13].

Австралия Үкіметтерінің Кеңесі The Council of Australian Governments (COAG) – Австралия үкіметаралық форумының жүйесі. Аталған орган Федералды үкімет пен штаттар үкіметінің өзара бірлесе отырып әрекет етуді қажет ететін салалар бойынша ұлттық сипаттағы реформалардың орындалуына мониторинг жасау және дамыту, бастамашылық жасау қызметін атқарады. Ав-

стралия Үкіметтерінің кеңесі мүшелері құрамына премьер министр, штат және аумақ басшылары мен министрлері, Австралия жергілікті өзін-өзі басқару органдары ассоциациясының президенті кіреді.

Австралия үкіметтерінің кеңесі 8 кеңестен тұрады: Федералдық қаржы қатынастары кеңесі, Мүгедектік реформа Кеңесі, Көлік және инфрақұрылым Кеңесі, Энергетикалық Кеңес, Өнеркәсіп және дағдылары кеңесі, Заңға, қылмыс және Қоғамдастық Қауіпсіздік Кеңесін, Білім беру кеңесі, Денсаулық сақтау Кеңесі [14].

Премьер-министр жанындағы энергетикалық тиімділікті арттыру саласы бойынша мақсатты топ (Prime Minister's Task Group on Energy Efficienc) – мақсатты топ үшін жобалар шешімі мен баяндама әзірлеу, кеңес беру, ақпараттандыру бойынша кеңесшілер тобы.

Австралия үкіметі департаменттер және агенттіктерден тұрады. Соның ішінде жаңартылатын энергия көздеріне қатысты жұмыс жасайтын Австралия жаңартылатын энергетика көздері жөніндегі агенттік (Australian Renewable Energy Agency) 1 шілде 2012 жылы Австралия жаңартылатын энергия жөніндегі агенттік туралы заңының қабылдануы негізінде құрылды. Австралия жаңартылатын энергия агенттігі туралы заңы агенттіктің мақсаты мен міндеттерін анықтай отырып, агенттіктің қызметін ұйымдастыру, оның құзыреті, жаңартылатын энергия көздері технологиясына қатысты қаржылық қызмет секілді мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актісі. Аталған заң актісінің мақсаты:

– жаңартылатын энергия көздері технологиясында бәсекелестікті қамтамасыз ету;

– Австралияда жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамыту.

Осы заңның 8-бабына сәйкес, агенттіктің қызмет түрлері мынадай:

1. Келесі мәселелер үшін қаржылық көмек көрсету:

1.1 жаңартылатын энергия көздері саласында технологияны зерттеу;

1.2 жаңартылатын энергия көздері технологиясын жасау, демонстрациялау коммерцияландыру;

1.3 жаңартылатын энергия көздері туралы ақпаратты сақтау немесе бірлесе отырып қолдану.

2. Бірінші пункте көрсетілген мақсаттар үшін қаржылық көмек көрсету мақсатында келісім шарттар жасасып, ол келісімшарттарға жетекшілік ету.

3. Жаңартылатын энергия көздері технологиясына қатысты ақпараттарды анықтау, жинау және талдап тарату.

4. Жаңартылатын энергия көздері технологиясына қатысты министрге келесі мәселелер бойынша ұсыныстар мен кеңес беру:

4.1 жаңартылатын энергия көздері технологиясының бәсекеге қабілеттігін арттыру;

4.2 Австралияда жаңартылатын энергия көздері технологиясын арттыруға қатысты ұсыныстар;

4.3 Жаңартылатын энергия көздері секторындағы технология саласында тәжірибені жақсарту туралы ұсыныстар;

4.4 Жаңартылатын энергия көздері технологиясын қолдануды кеңейту.

5. Жаңартылатын дамыту үшін немесе бірінші пунктегі мәселелерді жүзеге асыру мақсатында штаттардың үкіметі мен территория және биліктің өзге органдарымен байланыс орнату.

6. Ережелермен көзделген кез келген функциялар.

7. Агенттікке осы заң арқылы немесе достастықтың өзге заңдарымен жүктелген кез келген функциялар.

8. Осы функцияларды жүзеге асыру үшін кез келген қызмет түрін жасай алады.

Таза энергетикалық реттеуші (Clean Energy Regulator) – мемлекеттің энергетикалық нарығында жаңартылатын энергия көздерін қолдау бағдарламаларын жүзеге асырылуына қадағалау жасайтын орган. Осы органның құқықтық мәртебесі мен қызметінің тәртібі 2011 жылғы №163 таза энергетикалық реттеуіші туралы (Clean energy regulatorly act) заңымен реттеледі. Осы заңға сәйкес, реттеуші органның қызметі мен құзыреттері анықталады:

1. Климат өзгерісі заңнамасымен берілген қызметтер.

2. Заң актілерімен бекітілген кез келген қызметтер.

3. Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін кез келген әрекет жасай алады.

Реттеушінің құзыреттері:

1) реттеуші өзінің функциясын орындау үшін кез келген әрекеттер жасауға құзыретті;

2) Өзінің құзыретін жүзеге асыру мақсатында реттеуші органның келісімшарт жасасу құзыреті шектелмеген;

3) реттеуші жасаған кез келген келісім шарт достастық атынан жасалынған болып есептелінеді.

4) реттеушінің кез келген нақты немесе меншігі Достастық атынан иеленеді;

5) реттеушінің кез келген қарысы Достастық қаржысы болып саналады;

6) реттеуші иелігінде Достастық меншігінен басқа ешқандай мүлік болмауы тиіс [16].

«Таза энергетикалық реттеуші» термині келесі мағынаны білдіреді:

– реттеушінің стратегиялық бағыттарына жетекшілікті жүзеге асыратын Төрағадан және мүшелерден тұратын тәуелсіз мәртебеге ие орган;

– Австралияның 1999 жылғы мемлекеттік қызмет туралы заңында бекітілген тәртіппен төрағасы басты атқарушылық орган болып табылатын агенттік.

«Реттеуші» аббревиатурасы шешім қабылдаушы тұлғаларға қатысты (төраға және мүшелер) қолданады, ал «агенттік» термині жалпы орган құрылымына қатысты қолданылады. Таза энергия реттеуші министрден, реттеушіден, агенттіктерден және ұйымдастыру құрылымынан тұрады [17].

Үндістан жаңартылатын энергия көздері мемлекеттік органдарының тәжірибесі де өзіндік ерекшеліктерге ие. Үндістанның жаңа және жаңартылатын энергия көздері министрлігі жел энергетикасы, кіші гидроэнергетика, биогаз және күн энергетикасы секілді энергияның жаңартылатын түрлері саласында халықаралық ынтымақтастық орнату және осы салада интеллектуалдық меншікті қорғау, зерттеулер жасау мен осы саланың қызметін үйлестіру мен дамытуға жауапты мемлекеттік орган болып табылады. Министрлік жаңа және жаңартылатын энергия көздеріне қатысты мәселелердің барлығы бойынша шешуші роль атқарады. Министрліктің жалпы елдің энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жаңа және жаңартылатын энергия көздерін қолдануды дамытуды көздейді. Министрліктің қысқаша тарихи даму сатыларына келетін болсақ:

1981 жылы Қосымша энергия көздері жөніндегі комиссия;

1982 жылы Дәстүрлі емес энергия көздері бойынша департамент;

Дәстүрлі емес энергетика бойынша министрлік 1992;

Ал 2006 жылы дәстүрлі емес энергетика бойынша министрлік жаңа және жаңартылатын энергия көздері бойынша министрлік болып атауы өзгертілді. Үндістанда жаңа және жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қызығушылық соңғы уақытта энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің артуымен байланысты.

Министрліктің миссиясы мыналарды қамтамасыз ету:

Энергетикалық қауіпсіздік: мұнай импортына тәуелділік деңгейін төмендету, отынның баламалы түрлерін енгізу (көмірсутек, биоотын, синтетикалық отын) және оларды енгзу арқылы мұнайға сұранысты төмендету;

Таза энергетика үлесін арттыру: энергияның жаңартылатын түрлері (био, жел, су, күн, геотермалды және ағынды);

Энергияның болуы және қолжетімділігі: ауыл, қала, өндірістік және коммерциялық секторда жылумен қамтамасыз ету және тағам жасауда қосымша энергиямен қамтамасыз ету;

Энергетикалық үнемділік: экономикалық және бәсекеге қабілетті, ыңғайлы, қауіпсіз және тиімді жаңа және жаңартылатын энергия түрлеріне басымдық беру;

Энергетикалық құралдар: жеке басқа шақандағы энергияның көлемін арттыру [18].

Қазақстан Республикасы жаңартылатын энергия көздері мемлекеттік органдары жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытудағы мемлекеттік аппарат бөлігі.

Жаңартылатын энергия көздері мемлекеттік органдарының қазіргі уақыттағы нұсқасы осы секторды толығымен жан-жақты қамти алмайды. Сол себептен де баламалы энергетика мемлекеттік органдары қайта ұйымдастырылып, осы саладағы орталық атқарушы органның құзыреті жетілдірілуі тиіс. Болашақта жаңартылатын энергетикалық сектор дәстүрлі энергетикамен бәсекелесетін болса, мемлекеттік реттеудің жаңаша нысандары қажет болатыны сөзсіз. Қолданыстағы заңнама бойынша осы саладағы мемлекеттік органдар қатарына энергетикалық министрлік, жаңартылатын энергия көздері бойынша департамент және жергілікті атқарушы органдар жатады.

Біздің пікірімізше, мемлекеттік органдар қызметі осы саланы дамыту мен үйлестірудегі қызметі халыққа хабардар болуы керек. Яғни, бүгінгі таңда мемлекеттік органдар қызметінің жариялылығы жетіспейді. Себебі, жасыл технологияны кеңінен қолдану үшін тұрғылықты халық ақпараттармен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Сонымен қатар, баламалы энергетиканы қолдануды республика көлемінде арттыруды жеделдету үшін республикадағы мемлекеттік әкімшілік аумақтық бөліністерге нақты бір межеге жетуде міндеттелуі керек және сол

міндеттеменің орындалуы үшін сәйкесінше, әкімшілік аумақтық бөліністер жауапкершілікте болуы тиіс.

Ұсыныс ретінде жаңартылатын энергия көздері мемлекеттік органдары қызметін жетілдіру мақсатында қоғамдық қадағалау институтын енгізуді ұсынамыз. Аталған институт осы саладағы мемлекеттік органдардың қызметі мен міндеттеріне жауапкершілікпен қарауға түрткі болады.

Әдебиеттер

1 «Қазақстан 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 жылғы 14 желтоқсан ҚР президентінің халқына жолдауы // www.zakon.kz

2 Gary D. Allison and John L. Williams The Effects of State Laws and Regulations on the Development of Renewable Sources of Electric Energy doctoral thesis /1616 P St. NW – Washington, DC 20036 202-328-5000 //www.rff.org

3 Maria Pettersson Renewable Energy Development and the Function of Law A Comparative Study of Legal Rules Related to the Planning, Installation and Operation of Windmills. Luleå University of Technology Department of Business Administration and Social Sciences Division of Social Science 2008// https://pure.ltu.se

4 Бишимбаев В.К. Законодательные аспекты поддержки использования возобновляемых источников энергии в Республике Казахстан // сборник научных трудов Института экономики Комитета науки МОН РК по итогам международной юбилейной конференции, посвященной 60-летию организации Института экономики. – Алматы, май 2012.

5 Морозова, Л.А. Теория государства и права: учебник / Л.А. Морозова. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Эксмо, 2010. – 510 с.

6 Головистикова А.Н., Дмитриев Ю.А. Проблемы теории государства и права: учебник. – М.: ЭКСМО, 2005. – 649 с.

7 Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы №2733 Конституциялық заңы//www.zakon.kz

8 Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы № 2529 Конституциялық заңы//www.zakon.kz

9 Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 Конституциялық заңы//www.zakon.kz

10 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереже//www.zakon.kz

11 АҚШ энергетика министрлігінің ресми сайты //http://www.energy.gov

12 Энергетикалық тиімділік және жаңартылатын энергия көздері басқармасы (Office of Energy Efficiency and Renewable Energy//http://energy.gov/eere/office-energy-efficiency-renewable-energy

13 Австралия энергия жөніндегі үкіметтік кеңесі есебі/ Ministerial Council on Energy 11 December 2003 Report to the Council of Australian Governments Reform of Energy Markets//http://www.efa.com.au/

14 Австралия үкіметтерінің кеңесі ресми сайты/ The Council of Australian Governments (COAG)// https://www.coag.gov.au/about_coag

15 Australian Renewable Energy Agency Act 2011// https: //www. legislation.gov.au/ Details/C2012C00629

16 Clean Energy Regulator Act 2011 No. 163, 2011//www.legislation.gov.au/

17 Who we are // http://www.cleanenergyregulator.gov.

18 Үндістан жаңа және жаңартылатын энергия көздері министрлігінің ресми сайты: http://mnre.gov.in/mission-and-vision-2/mission-and-vision/role-mnre/

References

1 «Kazakstan 2050» Strategijasy – kalyptaskan memlekettin zhana sajasi bagyty». 2012 zhylgy 14 zheltoksan KR prezidentinin halkyna zholdauy // www.zakon.kz

2 Gary D. Allison and John L. Williams The Effects of State Laws and Regulations on the Development of Renewable Sources of Electric Energy doctoral thesis /1616 P St. NW – Washington, DC 20036 202-328-5000 //www.rff.org

3 Maria Pettersson Renewable Energy Development and the Function of Law A Comparative Study of Legal Rules Related to the Planning, Installation and Operation of Windmills. Luleå University of Technology Department of Business Administration and Social Sciences Division of Social Science 2008// https://pure.ltu.se

4 Bishimbaev V.K. Zakonodatel'nye aspekty podderzhki ispol'zovanija vozobnovljaemyh istochnikov jenergii v Respublike Kazahstan // sbornik nauchnyh trudov Instituta jekonomiki Komiteta nauki MON RK po itogam mezhdunarodnoj jubilejnoj konferencii, posvjashhennoj 60-letiju organizacii Instituta jekonomiki. – Almaty, maj 2012.

5 Morozova, L.A. Teorija gosudarstva i prava: uchebnik / L.A. Morozova. – 4-e izd., pererab. i dop. – M.: Jeksmo, 2010. – 510 s.

6 Golovistikova A.N., Dmitriev Ju.A. Problemy teorii gosudarstva i prava: uchebnik. – M.: JeKSMO, 2005. – 649 s.

7 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti turaly Kazakstan Respublikasynyn 1995 zhylgy 26 zheltoksandagy №2733 Konstitucijalyk zany//www.zakon.kz

8 Kazakstan Respublikasynyn Parlamenti zhəne onyn deputattarynyn mərtebesi turaly. Kazakstan Respublikasynyn 1995 zhylgy 16 kazandagy № 2529 Konstitucijalyk zany//www.zakon.kz

9 Kazakstan Respublikasynyn Ykimeti turaly Kazakstan Respublikasynyn 1995 zhylgy 18 zheltoksandagy N 2688 Konstitucijalyk zany//www.zakon.kz

10 Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2014 zhylgy 19 kyrkүjektegi № 994 kaulysymen bekitilgen Kazakstan Respublikasy Jenergetika ministrligi turaly erezhe//www.zakon.kz

11 AKSh jenergetika ministrliginin resmi sajty //http://www.energy.gov

12 Jenergetikalyk tiimdilik zhəne zhanartylatyn jenergija kөzderi baskarmasy (Office of Energy Efficiency and Renewable Energy//http://energy.gov/eere/office-energy-efficiency-renewable-energy

13 Avstralija jenergija zhөnindegi үkimettik kenesi esebi/ Ministerial Council on Energy 11 December 2003 Report to the Council of Australian Governments Reform of Energy Markets//http://www.efa.com.au/

14 Avstralija үkimetterinin kenesi resmi sajty/ The Council of Australian Governments (COAG)// https://www.coag.gov.au/about_coag

15 Australian Renewable Energy Agency Act 2011// https: //www. legislation.gov.au/ Details/C2012C00629

16 Clean Energy Regulator Act 2011 No. 163, 2011//www.legislation.gov.au/

17 Who we are // http://www.cleanenergyregulator.gov.

18 Yndistan zhana zhəne zhanartylatyn jenergija kөzderi ministrliginin resmi sajty: http://mnre.gov.in/mission-and-vision-2/mission-and-vision/role-mnre/

Айгаринова Г.Т.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығын сақтандыру нарығын қалыптастырудың құқықтық алғышарттары

Мемлекет экономикасының маңызды саласы ретінде ауыл шаруашылық өндіріс климаттық жағдайлар, дүлей апаттар, сонымен қатар экономикада болып жатқан негативті факторлардың (эквивалентті емес алмасу, бағалардың диспаритеті, инфляция және т.б.) ықпалына жиі түседі. Осыған байланысты ауыл шаруашылық тауар өндірісін сақтандырушылық қорғанысын ерекше қажетсінеді. Оған қоса, арнайы нормативтік акт – ауыл шаруашылық сақтандыру туралы заңды құрастыру мен қабылдау қажеттілігін туындататын нақты заңи база жоқ.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, сақтандыру, ауылшаруашылық өндірісі, құқықтық реттеу.

Aigarinova G.T.

The legal prerequisites for the formation of agricultural insurance market in the Republic of Kazakhstan

Agricultural production, as one of the most important sectors of the economy most exposed to weather conditions, natural disasters, as well as the impact of negative factors occurring in the economy (unequal exchange, price disparity, inflation, etc.). In this regard, agricultural producers in particular need of insurance protection. Especially because there is no clear legal framework, which is the need to develop and adopt a special regulation – Law on insurance of agricultural production.

Key words: agriculture, insurance, agriculture, legal regulation.

Айгаринова Г.Т.

Правовая основа для формирования страхового рынка сельского хозяйства Республики Казахстан

Сельскохозяйственное производство как одна из важных отраслей экономики страны наиболее подвержено воздействию погодных условий, стихийных бедствий, а также влиянию негативных факторов, происходящих в экономике (неэквивалентный обмен, диспаритет цен, инфляция и другие). В связи с этим сельскохозяйственные товаропроизводители особенно нуждаются в страховой защите. Тем более, что отсутствует четкая законодательная база, которая вызывает потребность в разработке и принятии специального нормативного акта – закона о страховании сельскохозяйственного производства.

Ключевые слова: сельское хозяйство, страхование, сельскохозяйственное производство, правовое регулирование.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 349.231; 351.82; 631.1:351

Айгаринова Г.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Gulnar.Aygarinova@kaznu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Сақтандыру нарығы дүлей апат пен басқа қауіптіліктерден шығындарды өтеуді қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығында сақтандырудың мәні – қолайлы жылдары сақтандыру ресурстарын жинау мен оларды қолайсыз жылдары пайдалану болып табылады. Экономиканың нарықтық қатынастарға өтуі ауыл шаруашылық тауар өнімдерінің шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапкершілік дәрежесінде көрініс тапқан, олардың экономикалық және құқықтық мәртебесін өзгертеді. Осыдан басқа, ауыл шаруашылығы теріс табиғи-климаттық факторлардың ықпалын басынан кешіреді, сонымен қатар, экономикалық процестердің әсеріне ұшырайды. Мұндай жағдайларда меншік иесінің өз жұмысының залалсыздығы үшін толық жауапкершілігі талап етіледі.

Қазақстан Республкисының Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын реформалауды бастау керек...», – деп атап кеткен [1]. Сондықтан, сотқа дейінгі өндірістің негізгі нысаны ретіндегі тергеу аппаратын жетілдіру, сотқа дейінгі тергеп-тексеру міндеттерін реттейтін қылмыстық іс жүргізу нормаларын, оның қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін, тергеу қызметін жүзеге асырудың процедурасы мен оларды Қазақстан Республикасында танылған қылмыстық іс жүргізу құқығы және халықаралық құқықтық актілердің жалпы жүйесімен сәйкес болуын қайта қарауды талап етеді. Осы мақсаттар бойынша аталған қызметті реформалау тергеушінің функциялық міндетін нақты анықтауға, оған қажетті құзыреттер беруге, сондай-ақ сырттай қандай да бір әсер етуді болдырмайтын тергеу аппаратын қайта құруға бағытталуы қарастырылған.

ҚР ҚПК-де қылмыстық сот өндірісін жетілдіру жолдары белгіленген, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында бәсекелестіктің негізгі бастамасының маңыздылығы көрсетілген. Осыған байланысты, тергеу органдарының қылмыстық іс-жүргізішілік функциясын оқыту, қылмыстық процесте тергеу қызметінің және тұлғалардың құқықтарын қорғау арасындағы тиімділікті оңтайландыру мақсатымен олардың даму жетістіктерін айқындау өзекті мәселе ретінде көрсетіліп отыр. Тергеу аппараты қызметінің оңтайландырылуы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүйесінің функционалдық және ұйым-

дастырушылық құрылымының мәселесін зерттеу және ол мәселелерді шешу деңгейіне байланысты.

Тергеу аппаратының орнын анықтау мәселесін және оның қызметін оңтайландыру жолдарын табу мәселесін шешу қылмыстық іс жүргізу жүйесінде ең қиыны болып табылады, сондықтан да, бұл мәселе бүгінгі күнге дейін ғалымдар арасында даулы және талқылау тақырыбы болып келеді.

Бұл мәселені шешу үшін, біз тергеу аппаратының қалыптасу және даму үрдісінің бірінші дәрежелі, маңызды, мағыналы функционалдық-құрылымдық тұрғыдан айқындау мен зерттеуді ұсынамыз, бұл тергеу аппараты қызметі мен қазіргі құрылымына ұйымдастырушылық принципті негізге ала отырып, ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Тергеу аппаратының қызметін дамытудың тиімді жолын іздеу барысында, оның кезеңдік ұйымдастырушылығына, қылмыстық іс жүргізу заңнамасына өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуіне, қылмыстардың тергелуін реттеу үшін қабылданатын заңнамалық актілерге назар аудару қажет. Тәжірибенің жедел түрде дамуы, көп жағдайда теориялық өңдеуден озып жатады, сондықтан бұл теория үшін де, тәжірибе үшін де белгілі мәселелерді тудырады. Сол үшін де, Қазақстанда тергеу қызметінің тарихы мен қазіргі кезін зерттей және бағалай отырып, оның болашағын болжай аламыз. Яғни, Қазақстанның көпжылдық қылмыстық іс-жүргізу заңнамасының даму және қалыптасу тарихына талдау жасау қажет [2, 26].

Кеңестік және одан кейінгі кезеңдерде тергеу органдарының институты өз дамуында негізгі үш кезеңнен өтті.

Бірінші кезең – Қазақстанда ұзақ уақыт, 1923 жылдан 1960 жылға дейін РСФСР ҚПК-і қолданылған кезең, алғаш Қазақстанның қылмыстық іс-жүргізу заңдары күшіне кірді. Бірінші кезеңде қылмыстық іс-жүргізу заңнамасымен ол реттейтін тергеу практикасы КСРО мен РСФСР-дің тиісті қылмыстық іс-жүргізу заңдарының тікелей ықпалымен дамыды.

Екінші кезең – ол 1960-1991 жылдарды, яғни тәуелсіздік алғанға дейінгі кезді қамтиды. ҚІЖК мазмұны жағынан сол қалпы қалғанмен, заң шығарушы оның тергеу қызметін регламенттейтін кейбір институттары мен нормаларын өзгертуге мүмкіндік алды. Бұл жылдары Қазақстанның Қылмыстық іс-жүргізу кодексіне 60-тан аса өзгертулер мен толықтырулар енгізілді [3, 39].

Үшінші кезең – 1991 жылдан бергі уақытты қамтиды. Бұл кезеңдерде тергеу органдарының институты Қазақстанның егемендігі жағдайында дамыды. 1991 жылғы 13 желтоқсандағы заңмен ҚР ҚПК-і күшіне енді.

Тергеу аппаратының қызметі мен ұйымының тарихы – жыл сайын өзінің бойына даму және қалыптасу тәжірибесін бойына сіңіретін, динамикалық және заңды процесс.

Елімізде тергеу қызметінің қалыптасу және даму тарихы 1963 жылдан басталады. Қай кезде болмасын тергеу органдарында өз тағдырын қиыншылығы мен қызығы мол, ауыр әрі мәртебелі мамандықпен байланыстырған азаматтар жұмыс істейді. Жалпы Ішкі істер органдарына тергеу қызметін 1963 жылы 6 сәуірде берілген. Оған дейін милиция анықтау жүргізген, алдын ала тергеу прокуратурада, сотта жүргізіліп келген. Кейіннен 1995 жылы Конституцияның 84-бабына өзгерістер енгізіліп, алдын ала тергеу прокуратурадан бөлек, дербес болуы керек болғандықтан ішкі істер органдарына беру қажеттігі туындады. Бұл еліміздегі құқықтық реформалардағы адам құқығын қорғау мәселелерін әлемдік деңгейге лайықтау бағытындағы қадам болатын. Осыған байланысты қылмыстарды тергеу функциялары прокуратурадан алынып, жаңадан жасақталған ҚР Мемлекеттік Тергеу Комитетіне жүктелді. Оның құрамына негізінен әскери прокуратура тергеушілерінен тұратын әскери-тергеу Бас басқармасы енді. Бұл мезгіл әскери-тергеу органдарының жаңа құрылым ретінде қалыптасу кезеңі болды.1997 жылдан әскери тергеу саласы ҚР ішкі істер министрлігіне толықтай берілді.

2014 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Президенті жаңа ҚР қылмыстық процессуалдық Кодексін бекіту туралы Заңға қол қойды. Аталған Заң 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Осыған байланысты ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Лаура Ағыбаеваның айтуынша, 2015 жылдың қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодексте өзгерістер мен жаңалықтар аз емес. Бүгінгі қолданыстағы Қылмыстық кодексте 393 бап болса, жаңа кодексте 467 бап бар. Кодекске енгізілген қосымша баптарда бұрын мүлде қарастырылмаған жаңа қылмыстық жазаға тарту мен қылмыстан босату түрлері қамтылған. Қылмыстық кодекстегі жаңа өзгерістердің бірі екі буынды қылмыстық жазаға тартылатын әрекет жөніндегі түсініктің енгізілуі десе болады. Бұрын қылмыс пен қылмыстық әрекет жалпы ортақ түсінікпен айқындалатын еді. Қылмыс пен

қылмыстық әрекетті екі топқа бөліп қарау бүгінгі күні Германия, Испания, Австрия, Голландия, Норвегия және Чехия сияқты батыс елдерінде тиімді қолданылып келеді. Қылмыс пен қылмыстық әрекетті бөліп қарастыруды Н. Загородников, С. Бородин, И. Карпец сияқты аты әлемге танымал белгілі ғалымдар да мақұлдайды. Қылмыстық әрекет – бұл әлі қылмыс емес, дегенмен мұндай әрекеттің қоғам, адам үшін залалы бар. Ол әкімшілік заңбұзушылық пен қылмыстық заңбұзушылықтың арасындағы буын іспетті. Сондықтан да, қылмыстық әрекет жасағаны үшін жауапкершілік те қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен өзгеше болуы тиіс [4, 2].

Қылмыстық процестің бастапқы сатысы одан тергеуге дейінгі тексерулерді және қылмыстық іс қозғауды алып тастау жолымен түбегейлі өзгертілді.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және хабарламаны тіркеу не тіркеу алдындағы алғашқы шұғыл тергеу амалдары тергеудің басталғанын білдіретін болады.

Процесті оңайлату және тиімділігі мақсатында куәнің және жәбірленушінің айғақтарын тергеу судьясының депонирлеуі туралы нормалар енгізілді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру дегеніміз оған уәкілетті органдардың қылмысты ашу, оны жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту, материалдық зиянның орнын толтыру мақсатында дәлелдемелерді жинақтау, тексеру және бағалау жөніндегі қызметі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметі, сонымен қатар, қылмыстан келген зиянның сипаты мен мөлшерін айқындауға, азаматтық талапты немесе болуы мүмкін мүлік тәркілеуін қамтамасыз етуге, қылмыстың жасалуына алып келген себептер мен жағдайларды айқындауға, оларды жою үшін шара қабылдауға бағытталған [5, 119].

Қылмыстарды айқындау және олардың жолын кесу – жедел іздестіру шараларын, анықтау, сотқа дейінгі тергеп -тексеру, басқа да қызметтер жүргізу барысында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының сотқа дейінгі өндірісте тергеу аппаратын жетілдіруінің жолдары:

Қылмыстық қудалау және анықтау органдарының құрамына кіретін барлық тергеу бөлімдерін жеке, дербес мемлекеттік орган ретінде құру, мысалы, Тергеу Агенттігіне (Комитеті немесе Бюро) қылмыстық істердің барлық санаттары бойынша тергеудің барлық құзыретін беру [6].

Артықшылықтары:

1) қылмыстық қудалау және анықтау органдарына әкімшілік бағынуынан шығару. Маңыздысы, оларды әкімшілік жағынан тәуелсіз жасайды. Яғни, бұл қоғамның ділділігін (ментальность) ескереді. Келешекте тергеу қызметін, шынында, процессуалды тәуелсіз болуына мүмкіндік жасайды. Сонымен, мысалы, АҚШ-та тергеуді соттың анықтау органы жүзеге асырады, ал прокуратура ақпараттардың қайнар көздерін іздеуді жүзеге асырады. Сол арқылы сот талқылауы сатысында дәлелдемелер құралады [7].

ГФР-да тергеуді сот-анықтаушысы жүзеге асырады. Ал полиция мен прокуратура қылмысқа қатысты ақпараттарды жинайды, сот тергеуіне айыптауды ұсынады.

Францияда тергеуді сот құрамына кіретін, мемлекеттің Президентімен тағайындалатын сот тергеушісі жүзеге асырады.

2) тергеушінің тәуелсіздігі – қылмыстық істер бойынша барлық жағдайды неғұрлым объективті тергеуге мүмкіндік жасайды.

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеру және анықтау деп бөлінуінен шығару қажет.

Біздің ойымызша, қылмыстық істерді тергеуде «сотқа дейінгі тергеп-тексеру және анықтау» – деп, екі формаға бөлінуі логикаға сәйкес келмейді. Екі жағдайда да жәбірленуші мен айыпталушысы болады, олардың қылмыстық іс-жүргізушілік заңнамасымен бірдей дәрежеде қорғалатын құқықтары мен заңды мүдделері бар.

4) «анықтау штаты» институтын тарату туралы мәселені қарастырған жөн. Сондай-ақ, тергеудің ерекшеліктеріне байланысты істі қараудың әр түрлі мерзімін сақтай отырып, қылмыстың барлық түрін тергеуді тергеушіге беру қажет. Анықтау органдарына берілген анықтау жүргізу құзыретін де тергеуге беру қажет деп есептейміз. Немесе, анықтау органдарына қылмыстарды айқындау, рәсімдеу, тіркеу және де материалдарды Тергеу Агенттігіне (Комитет, Бюро) тапсыруы бойынша құқықтары мен міндеттерін қалдырған жөн. Сонымен қатар, қысқартылған тәртіпте тергеу жүргізу бойынша негіз болатын тізімді кеңейте отырып, қысқартылған тәртіпте істі тергеу бойынша құзыретін анықтау органдарына қалдыру керек деп санаймыз;

5) анықтау органдары материалдарды басқа органға тапсыруын тәртіпке келтіреді, сонымен қатар анықтау органдары бастапқы материалдардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуге мәжбүр. Бұл қызметтің қорытындыларын

олардың қызметін бағалау критерийі ретінде алуға болады;

6) тергеу қызметкерлерінің «қабырғасын» құруға, олардың кәсіби дәрежесін жоғарылатуға, сонымен қатар, кадр бөліміндегі «кезектілікті» төмендетуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде ІІМ төменгі бөлімшелерінде тергеу қызметкерлерінің орташа еңбек өтілімі 2 жылдан аспайтын уақытты құрады;

7) тергеу жүргізу кезінде түсінбестікке алып келмейтін және тергеуде процессуалдық әдістер мен тәсілдерді, сондай-ақ уақытты үнемдеуге алып келетін тергеу тәртібін сақтауға мүмкіндік береді [8, 39].

Қорыта келгенде бүгінгі таңда анықтаушылар іс жүзінде тергеушілер атқаратын жұмысты атқарады. Алайда, бұл ретте олардың іс бойынша шешім қабылдау мәселесіндегі құзыреті шектеулі.

Сонымен қатар заңнамада анықтаудың сотқа дейінгі тергеп-тексеруге өтуі көзделген. Анықтаушылар айқын емес және кәмелетке толмағандар мен өздерінің дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған қылмыстар туралы істердің тергеуін сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысанында іске асырады.

Тергеудің дағдылы және жеделдетілген нысанның арасында тергеу және тергеуде болу мерзімдерінде ғана айырмашылығы бар. Бірінші жағдайда тергеу мерзімі 2 ай, ал екінші жағдайда бір ай деп анықталған. Жеделдетілген тергеу өндірісі үлкен қиыншылық тудырмайтын, ал қылмысты жасаған адам анықталған айқын қылмыстар ғана тергейтін болады.

Заңнамадағы осы өзгертулердің мақсаты қылмыс жөніндегі материалдарды сотқа дейінгі әзірлеу рәсімін жаңа, анағұрлым сапалы деңгейге көтеру, оны барынша оңайлату болып табылады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын реформалауды бастау керек».

2 Аубекеров С. Суд присяжных заседателей скоро появится в Казахстане // Российская юстиция. – 2002. – № 2. – С. 36.

3 Григорьева Н.В. Принципы уголовного судопроизводства и доказательства (обсуждаем проекты УПК) // Российская юстиция. – 1995. – № 8. – С. 39 – 42.

4 «Жаңа қылмыстық және қылмыстық процессуалдық заңнама нормаларын қолдану» халықаралық семинар // «Заң газеті» 30.09.2014.С.4.

5 Карнозова Л.М. Методологические заметки к анализу процессуальной конструкции суда присяжных // Государство и право на рубеже веков (Материалы Всероссийской конференции 2 – 4 февраля 2000 г.): Криминология, уголовное право, судебное право. – М., 2001. – С. 227-232.

6 Каиржанов Е.Е. Как нам улучшить законотворчество? // Вестник министерства юстиции. – 1995.

7 Уайнреб Ллойд Л. Отказ в правосудии // Уголовный процесс в США. – М., 1985.

8 Амбасса Л.Ш. Обвинительная камера в уголовном процессе Франции // Российская юстиция. – 1998. – № 7. – С. 51-52.

References

1 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N. Nazarbaevtyn 2012 zhylgy 14 zheltoksandagy «Kazakstan-2050» Strategijasy kalyptaskan memlekettin zhana sajasi bagyty» atty Kazakstan halkyna Zholdauynda «Kylmystyk zhane kylmystyk is zhyrgizu zandaryn reformalaudy bastau kerek».

2 Aubekerov S. Sud prisjazhnyh zasedatelej skoro pojavitsja v Kazahstane // Rossijskaja justicija. – 2002. – N 2. – S. 36.

3 Grigor'eva N.V. Principy ugolovnogo sudoproizvodstva i dokazatel'stva (obsuzhdaem proekty UPK) // Rossijskaja justicija. – 1995. – N 8. – S. 39 – 42.

4 «Zhaңa қylmystyқ zhəne қylmystyқ processualdyқ zaңnama normalaryn қoldanu» halyқaralyқ seminar // «Zaң gazeti» 30.09.2014.S.4.

5 Karnozova L.M. Metodologicheskie zametki k analizu processual'noj konstrukcii suda prisjazhnyh // Gosudarstvo i pravo na rubezhe vekov (Materialy Vserossijskoj konferencii 2 – 4 fevralja 2000 g.): Kriminologija, ugolovnoe pravo, sudebnoe pravo. – M., 2001. – S. 227-232.

6 Kairzhanov E.E. Kak nam uluchshit' zakonotvorchestvo? // Vestnik ministerstva justicii. – 1995.

7 Uajnreb Llojd L. Otkaz v pravosudii // Ugolovnyj process v SShA. – M., 1985.

8 Ambassa L.Sh. Obvinitel'naja kamera v ugolovnom processe Francii // Rossijskaja justicija. – 1998. – N 7. – S. 51-52.

Мәсәлімқызы М.

Жазаның қоғам үшін маңызы

Бұл мақалада жазаның түсінігіне толық мән беріліп, оның қоғам үшін маңыздылығы айтылған. Жаза мемлекет пен қоғамды реттейтін күш, жаза қоғамдағы қозғалысты, тәртіпті реттейді. Жазамен тұлғаларды қорқыту емес, керісінше саналарына жеткізу. Жазадан емес бірінші кезекте заң бұзудан сақтану керек.

Түйін сөздер: жаза, заң, құқық, ереже, тәртіп, қағида, қоғам, мемлекет.

Massalimkyzy M.

Value of punishment for society

In this article the concept of punishment opens up taking into account his importance for society. Punishments are means for establishing order in society, the aim of punishment is many-sided. An author underlines importance of punishment as facilities of warning and prophylaxis of offences.

Key words: punishment, law, right, rule, discipline, customs, society, state.

Мәсәлімқызы М.

Значение наказания для общества

В данной статье раскрывается понятие наказания с учетом его важности для общества. Наказание есть средство для установления порядка в обществе, цель наказания многогранна. Автор подчеркивает важность наказания как средства предупреждения и профилактики правонарушений.

Ключевые слова: наказание, закон, право, правило, дисциплина, обычаи, общество, государство.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 340.11:316

Мәсәлімқызы М.

Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: meruert._89@mail.ru

ЖАЗАНЫҢ ҚОҒАМ ҮШІН МАҢЫЗЫ

Жаза дегеніміздің өзі істеген теріс қылықтары үшін тағылатын айып деп түсінсек болады. Тәртіпті бұзу, ережелерді орындамау, қоғамға қауіп келтіру, адамдарға зиянын тигізу болып табылады. Жаза – сот үкімі бойынша қылмыс жасады деп танылған азаматтарға қатысты қолданылатын мәжбүрлеу шарасы. Жазаның маңыздылығы қоғамда шындықтың болуын, адамдарды құқыққа тәрбиелеу, бостандықтың бағасын білу, қайта тәртіп бұзбау, мемлекетке зиян келтірмеу, қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

Жаза мемлекет пен қоғамды реттейтін күш десек болады. Себебі, жаза мемлекет пен қоғам пайда болған уақытта пайда болды. Қоғаммен мемлекетті бір-бірінен ажыратуға болмайтын қатар жүретін құбылыс болып табылады [1].

Қазақ даласында жаза әдет-ғұрып заңдарынан бастау алған. Ол уақытта жазаның қоғам үшін маңыздылығы ерекше болды, жазалардың мынадай түрлері болған:

а) рудан қуып жіберу;

ә) кінәліні жәбірленушінің туыстарына беру;

б) адамның жеке басына қарсы жасалған қылмыстар мүліктік қылмыстар үшін айыппұл тағайындау;

в) денеге ауыр жарақат салғаны үшін, кісі өлтіргені үшін құн тағайындау;

г) өлім жазасы – жазаның бұл түрі өте сирек қолданылды;

ғ) әке-шешесін сыйламаған, құрметтемеген балаларға және антты бұзғандарға масқаралау жазалары қолданылды. Бұл жазаларды ашық қоғам ортасында жүргізген. Қоғамды реттеу үшін пайда болған жазалар кейінірек сол қоғамға тигізген зияны көп адамға сабақ ретінде жеке жаза тағы тағайындалған.

Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді. Жазаның мақсаты түпкілікті әлеуметтік нәтижелерді айтады, оған жазаны қолдану мен жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге болады [2].

Жазаға жалпы түсініктеме берер болсақ: жаза – бұл адамның қылмыс болып табылмайтын құқық бұзушылықтар істеуіне мемлекеттің қарсы әрекеті ретіндегі мемлекеттік өзге мәжбүрлеу шараларынан айырмашылықта болатын мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы. Жаза тек қана мемлекет атынан соттың үкімімен тағайындалады. Мсмлекеттік

мәжбүрлеудің басқа шараларына қарағанда, жаза қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жағдайда соттылықтың жойылуы немесе алынып тасталуы мүмкін құқықтық салдарларға әкеп соқтырады. Жаза тек қана жеке сипатқа ие болады. Ол қылмыскердің өзіне ғана қатысты қолданылады және оны қандай да бір жағдайда болмасын басқа бір адамға аудара салуға болмайды. Жаза қашанда қылмыс істеген адамның құқықтыры мен бостандықтарын шектеумен байланысты, оған белгілі бір моральдық жапа шегуге әкеп соғады және белгілі бір игіліктерінен айырады. Олар моралдық, жанға бататын, материалдық және басқа түрлерде болуы мүмкін.

Жазаның негізгі мақсаты мынадай:

а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Ол кінәлі адамға жазаны қолдану қылмыстық әрекет жасау нәтижелерінде бұзылған жеке және қоғамдық мүдделерді қалпына келтіруді және қол сұғу объектісіне келтірілген зиянды өтеуді білдіреді;

ә) сотталушыны түзеу. Бұл мақсат кінәлінің теріс бағдарын өзгертуге бағытталған. Егер адам басқа жаңа қылмыстар жасамаса және қылмыстық заңның сақталуының қажеттілігін сезіне бастаса, түзеуге қол жеткізеді;

б) жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алу. Бұл мақсатты әрбір нақты қылмыс үшін қылмыстың жауапты бекітуді және жаза тағайындау мен оның орындалуын бұлтартпауды қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі. Жазамен сескендіру адамдардың санасы мен әрекетіне әсер етеді. Жазаның осы мақсаттарына қол жеткізу көбіне қылмыстық жазаны әділ әрі негізді тағайындау арқылы мүмкін болады. Қылмыстық құқық жаза тағайындағанда кінәлінің жеке-дара жауапкершілік принципін негізгі басшылыққа алады. Жазаның мақсатқа лайықтылығы дегеніміз – соттың тағайындаған мәжбүрлеу шарасының сотталған адамға оң ықпал етуге сәйкес келу талабын білдіреді. Соттың таңдаған жазасы оның жалпы мақсаттарына қол жеткізудің жеткілікті құралы болуы керек.

Құқыққа қарсы жасалған әрекеттер сипаты, субъектілері, шарттары себептерінің әртүрлілігіне қарамастан, олардың бәрі бір әлеуметтік құбылысқа құқық бұзушылыққа алып келуге жол беретін, жалпы белгілерге ие. Құқық бұзушылықты зерттейтін әр түрлі анықтаулар бар. Жалпы қорытындылық түрде олар, өздеріне заңдық жауапкершілік алатын қоғамға зиянды әрекет еткен тұлғалар немесе тұлғаның құқыққа қарсы, өзін кінәлі еткен құқық бұзушылыққа ұласады. Жаза адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін, адамзаттың қауіпсіздігі мен бейбітшілікті, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, сонымен қатар, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған. Жаза қоғамдағы ереже, тәртіппен құқықты бұзған жағдайда тағайындалатындығын біз айтып жатырмыз. Ал, ереже дегеніміз не?

Ереже бұл – дәстүрлі халық құқығының қайнар көзі, нормативтік-құқықтық қағидалар. Ежелгі дәуірде және орта ғасырларда жөн-жосық, ата-баба жолы деп аталған. Ережелер нақтылығымен, дәйектілігімен ерекшеленеді. Ереже – құбылыстардың тұрақты қатынастарын немесе олардың белгілі бір заңдылықтарын көрсететін қағидалар; әрекеттің тәртібін анықтайтын жинақтар, белгілі бір қағидалар жиынтығы, нұсқаулар, яғни сақталуға міндетті қағида болып табылады. Құқық пайда болғанға дейін қоғамдағы қатынастарды реттеген ереже (жазылған немесе жазылмаған ережелер).

Тәртіп – адамдардың белгілі бір қауымдастығындағы, тіршілік қарекеті саласындағы реттіліктің, жөн-жосықтылық пен ұйымшылдықтың сапалық сипаты; адам мінез-құлқының қоғамда қалыптасқан құқық, мораль нормаларына не әлдебір ұйымның жарғылық талаптарына сәйкестігі. Тәртіп тұлғаның ұстамдылығын, іштей ұйымдасқандығын, жауапкершілігін, өз мақсаттарына бағыну мен қоғамдық нұсқауларға (заңдар, әлеуметтік нормалар, қағидалар) бағынуға әзірлігі мен дағдысын қамтиды. Қоғамдық тәртіп адамдардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына үйлесімді сипат береді, ұжымдық іс-әрекеттің өнімділігін, әлеуметтік инабаттардың қалыпты қызмет атқаруының, тұлғааралық қатынастың дұрыс болуының алғышарты болып табылады.

Тәртіп – қоғамда қалыптасқан құқық, мораль нормаларына немесе қандай да болсын ұйымның жарлық талаптарына адамдардың мінез-құлығының сәйкестігін бейнелейтін қандай да болсын қауымдастықта, адамдардың тіршілік әрекеті сферасында реттіліктің ұйымшылдықтың сапалық сипаттамасы. Қойылған талаптарды мүлтіксіз орындау, өз борышына саналы қарау. Тәртіппен ереженің қосындысынан құқық пайда

болады, тәртіп пен ереженің қатар жүретіндігі де осында. Енді құқық дегеніміз не?

Құқық – мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы. Құқықтың түсініктері бірнеше, бірақ мазмұндары біреу-ақ.

Құқық мазмұнының негізгі элементтері:

– қоғамның және адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, орындау;

– қарым-қатынастарды реттеп, басқару;

– қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдениеттік т.б. бағытын дамытып, нығайту;

– мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құзіретін, арақатынасын реттеп басқару [3].

Құқықтың екі түрлі түсінігі болады:

біріншісі – құқықтың объективтік түсінігі, қоғамның объективтік дамуына сәйкес жаңа қатынастардың қалыптасуы;

екіншісі – құқықтың субъективтік түсінігі объективтік қалыптасқан қатынастарды реттейтін, басқаратын нормативтік актілерді уақытында қабылдап бекіту.

Құқықтың реттеу функциясы – нормативтік актілер арқылы қоғамдық қатынастардың байланысын, орындалу жолдарын, бағыттарын анықтап отыру. Құқықтың қорғау функциясы – нормативтік актілердің қоғамдағы қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін күшейту, жаман қатынастарға тыйым салу. Жоғарыда айтылғандай, құқық – жалпыға бірдей міндетті, мемлекет қамтамасыз ететін, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Құқықтық норма – құқықтың бір клеткасы, қоғамдық қатынастардың жақсы дамуының үлгісі деуге болады. Ол адам істерінің, жұмысының, тәртібінің шеңберін анықтап, олардың бостандығын және қарым-қатынасын реттеп, басқарып отырады. Мемлекеттің дамуына байланысты қоғамның өзгеруіне байланысты заманауи нақтылап бекітілетін мемлекет атынан жүзеге асатын Заң термині келді [4].

Заң дегеніміз – мемлекет белгілеген бүкіл нормативтік-құқықтық актілер, жалпыға бірдей міндетті ережелер; мемлекеттік биліктің жоғары өкілетті органы қабылдаған немесе тұрғындардың тікелей ерік білдіруі арқылы қабылданған, неғұрлым маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт. Заң мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізін құрайды. Заңның бұзылуын ештеңе де ақтай алмайды. Мемлекеттік биліктің дербес бастауы ретінде Заң ежелгі замандарда-ақ тәжірибеге еніп, әдет-ғұрып жосындарының орнын басқан. Қоғамдағы бекітілген заңды бұзу жазаға әкеледі. Заң бұзушылық іс-әрекеттер сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және ерекше ауыр қылмыстар болып бөлінеді. Елеулі маңызы жоқ, қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет қылмыс болып табылмайды [5].

Қылмыстық жаза – қылмыстық заңмен ғана белгіленеді, заңдылық пен құқық тәртібіне байланысты практикалық міндеттерді шешуде мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің бір тармағы болып табылатын қылмыстық заңның рөлі едәуір, ол – заң бұзушылықтың қылмыс сияқты аса қауіпті түрімен күресуге бағытталған. Бұл күресте қылмыс жасаған адамға, оның жасаған қылмысына сәйкес жаза тағайындалады. Қылмыс пен жаза – өзара тығыз байланысты құқықтық түсінік. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде жаза тек қылмыс үшін қолданылады.

Жазаны тағайындау ол – заң бұзушылықтың қылмыс сияқты аса қауіпті түрімен күресуге бағытталған. Бұл күресте қылмыс жасаған адамға, оның жасаған қылмысына сәйкес жаза тағайындалады. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және Қылмыстық Кодексте көзделгендей адамды құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе оларды шектеу болып табылады. Оны қылмыс жасаған адамға мемлекеттік ерекше орган – сот қана үкім негізінде қолдана алады. Жаза тек қылмыс үшін қолданылады. Жазаға тән ерекшелік – міндетті түрде жазалаудың болуы. Жазалау дегеніміз – жазаның мәжбүрлеу, зорлау сипаты. Олар күш көрсету, моральдық, материалдық және басқадай ықпал ету арқылы жүзеге асырылады. Тағайындалған жазаның ауыр-жеңілдігі жасалынған қылмыстың сипатына және қаншалықты ауыр екендігіне, айыпкердің жеке басына және басқа мән-жайларға байланысты тағайындалады. Жаза тағайындау, оны қолдану және іске асыру арқылы мемлекет қол жеткізуге ұмтылатын әлеуметтік нәтиже. Жазаның нақты мақсаты қылмыстық заңдарының алдында тұрған міндеттерден туындайды. Жаза егер ол жасалған қылмыстың ауырлығына, қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне, кінәлінің жеке тұлғасына және қылмысты жасау жағдайларына сәйкес тағайындалатын болса әділетті деп танылады. Мұнда «сәйкес» термині бір ғана ұқсастық емес, тепе-теңдік деген мағынада қолданылады, яғни жаза қылмысқа сыртқы формальды жағынан

емес, әлеуметтік жағынан және арифметикалық жағынан емес, заңдық жағынан тең болуы керек дегенді білдіреді.

Жаза – мемлекет қолындағы маңызды құрал, ол арқылы мемлекет адамды, оның құқын, бостандығын, заңды мүддесін, меншікті ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты, еліміздің аумақтық бүтіндігін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, адамзаттың бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін қылмыстық қастандықтан қорғайды. Ол қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың басты формасы және қылмыскерліктің алдын алу шараларының бірі болып табылады [6].

Жазаны қолдану барысында өзіндік қағидаларға сүйенеді, осы қағидалар жаза тағайындауда сақталуы тиіс. Ол қағидалар келесідей:

– заңдылық қағидасы;

– азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдік қағидасы;

– кінәлі жауапкершілік қағидасы;

– жеке жауапкершілік қағидасы;

– әділеттілік қағидасы;

– гуманизм қағидасы.

Гуманизм қағидаларына барынша тығыз жанасқанымен, бірақ онымен толық қамтылмайтыны қылмыстық жазалауды үнемдеу қағидасы.

Қылмыстық жауапкершіліктің болмай қоймайтындығы туралы қылмыстық құқық қағидасына жеке назар салуға тұрарлық [7].

Жаза мемлекеттің адам жасаған қылмысқа көңіл бөлгендігін білдіреді. Жаза – ол жасаған қылмыстың қылмыстық-құқықтық зардабы. Қылмыстық-құқықтық нормалардың бұзылмауын мемлекет мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырады. Себебі, басқа құқықтық нормаларға қарағанда қылмыстық құқықтағы тыйым салынған нормалар жиірек бұзылады және оның мемлекет, қоғам мүддесіне немесе жеке азаматтардың мүддесіне тигізетін залалы басқа құқық салаларының нормаларының бұзылуына қарағанда анағұрлым мол. Жаза мәселесі қылмыстық құқық теориясында ерекше орын алады, өйткені, ол қылмыстылықпен күресу шараларының жүйесіндегі ең ауыр да қажетті шаралардың бірі болып табылады.

Қылмыстық жазаның келесідей түрлері бар:

1) айыппұл;

2) түзеу жұмыстары;

3) қоғамдық жұмыстарға тарту;

4) қамаққа алу қолданылуы мүмкін.

5) бас бостандығын шектеу;

6) бас бостандығынан айыру;

7) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

8) мүлкін тәркілеу;

9) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

10) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін.

Жаза тағайындау ол тұлғаны мәжбүрлеп тәрбиелеу десек болады. Қазіргі таңда біз өз мемлекетімізде азаматтық қоғам орнаған деп санаймыз. Ал азаматтық қоғамда алдағы кезекте сол қоғамда өмір сүретін тұлғалардың сана сезімі ояу, көзі ашық, ой өрісі кең саналы адамдар тұруы керек. Қоғамда қылмыстылық болмауы шарт. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері – заңда белгіленген критерийлер, сүйенетін ережелер, әрбір нақты іс бойынша жаза тағайындағанда сот оларды басшылыққа алады. Басқа сөзбен айтқанда, қандай қылмыстық іс қаралмасын, айыпкерге кандай жаза қолданылмасын, сот осы жалпы критерийлерге сүйенуі керек [8].

Жоғарыда айтылған түсініктердің барлығы осы қоғамымыздың тыныштығын сақтаудағы маңыздылығы мен ролін жеткізу. Жаза әлеуметтік коғамда кешенді сипатқа ие болады, ол мемлекетті нығайту мен дамытуға мүдделі қоғамдық қатынастарды қоғамдық кауіпті қол сұғушылықтан қорғаумен көрінеді. Демек, қылмыстық жаза құқықтық тәртіпті нығайту, істелген қылмыспен нұқсан келтірілген әділеттілікті қалпына келтіру үшін қызмет етеді. Жаза – әлеуметтік ықпал етудің өткір де қатал құралы, ол қылмысқа қарсы қажетті әсер болып табылады.

Қорыта айтқанда қылмысқа қарсы күрес қылмыстық жазаны қолдануда ең негізгі басты күрес деп саналмайды, бұл қылмысқа қарсы күресте тұлғаның құқықтық сана-сезімін жетілдіру арқылы жүзеге асырылады. Ал жазаның болуы қоғамды кері әрекеттерден сақтандыру болып табылады.

Әдебиеттер

1 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. VIII том.

2 Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008. – 233 б.

3 Құқықтану: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / А.Ибраева, Б.Қуандыков, Ш.Маликова, С.Есетова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 192 бет.

4 Карпец И.И. Наказание: социальные, правовые и криминологические проблемы. – М., 1973. – 344 с.

5 Полубинская С.В. Цели уголовного наказания. – М., 1990. – 233 с.

6 Дулатбеков Н.О. Наказание уголовного наказание (вопросы теории и практика): автореф. дисс. д.ю.н. – Алматы, 2003. – 50 с.

7 Гальперин И.М. Наказание. Социальные функции, практика применения. – М., 1979. – 189 с.

8 Жұмағұлов Ш. Қылмыстық жазаның мәні мен маңызын анықтау // – Заң. – 2002. – №4. – С. 34-39.

References

1 «Qazaqstan»: Ұlttyq jenciklopedija / Bas redaktor Ә. Nysanbaev – Almaty «Qazaq jenciklopedijasy» Bas redakcijasy, 1998. VIII tom.

2 Oryssha-qazaqsha zaңdyk tүsindirme sөzdik-anyq tamalyq. – Almaty: «Zheti zharғy» baspasy, 2008. – 233 b.

3 Құqyqtanu: Zhalpy bilim beretin mekteptің qoғamdyq-gumanitarl'q bағytyndaғy 11-synybyna arnalғan oqulyq / A.Ibraeva, B.Quandykov, Sh.Malikova, S.Esetova. – Almaty: «Mektep» baspasy, 2007. – 192 bet.

4 Karpec I.I. Nakazanie: social'nye, pravovye i kriminologicheskie problemy. – M., 1973. – 344 s.

5 Polubinskaja S.V. Celi ugolovnogo nakazanija. – M., 1990. – 233 s.

6 Dulatbekov N.O. Nakazanie ugolovnogo nakazanie (voprosy teorii i praktika): avtoref. diss. d.ju.n. – Almaty, 2003. – 50 s.

7 Gal'perin I.M. Nakazanie. Social'nye funkcii, praktika primenenija. – M., 1979. – 189 s.

8 Zhұmaғұlov Sh. Qylmystyq zhazanyң mәni men maңyzyn anyqtau // – Zaң. – 2002. – №4. – S. 34-39.

Тажгарина Б.К.

Ішкі істер органдарының тіркеу мен есеп қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері

Бұл мақалада – криминалистикалық тіркеу деп ғылыми ережелер және олардың негізінде қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеу процесін дер уақытында қажетті ақпараттық талдаумен қамтамасыз етуді жүзеге асыруға бағытталған құқық қорғау органдарының заңмен реттелген тәжірибелік қызметін түсінуді ұсынады. Бұл қызметтің қорытындысы криминалистикалық маңызды ақпараттарды анықтау болып табылатындықтан ол қылмыстарды ашу мен тергеуде қолданылатын криминалистикалық тіркеу объектілері туралы мәліметтер жиынтығы деген қорытындыға келді.

Түйін сөздер: криминалистикалық тіркеу, ұйымдастырушылық, дактилоскопиялық, картотекалар, идентификациялық.

Tazhgarina B.K.

Features of legal regulation reporting and registration of the interior

This article discusses the prevention of crime on the basis of scientific principles, providing timely analysis of the necessary information during the investigation, as well as the practice areas of law enforcement bodies regulated by law. Definitions of criminal information on the detection and investigation of crimes are subject to forensic registrations.

Key words: forensic registration, organizational, fingerprinting, filing, identification.

Тажгарина Б.К.

Особенности правового регулирования отчетов и регистраций органов внутренних дел

В данной статье рассматривается процесс предотвращения преступлений на основе научных положений, обеспечивающих своевременный анализ необходимой информации в процессе расследования, а также направленность практической деятельности правоохранительных органов, регулируемых законом. Определения криминальной информаций о раскрытии и расследовании преступлений являются объектами криминалистической регистраций.

Ключевые слова: криминалистическая регистрация, организационный и дактилоскопическая картотеки, идентификация.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 342.7

Тажгарина Б.К.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.
E-mail: Tazhgarina@mail.ru

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ТІРКЕУ МЕН ЕСЕП ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Криминалистикалық тіркеу белгілі құқықтық тәртібі бар, заңмен қарастыруға мүмкіндік беретін және қылмыстылықпен күресте қолданылатын бірден-бір құрал ретінде қарастырылады. Бірақ та оның құқықтық негізінің өңделуі аяқталған деп есептеуге болмайды. Өйткені, ол мазмұны бойынша әртүрлі, кейбір жағдайларда құқық қорғау органдарының тіркеу қызметімен эпизодты түрде тоғысатын азаматтардың арызы мен осы мәселені зерттеумен айналысатын ғалымдардың қарама-қайшы пікірлері куәландырады.

Бірқатар ғалымдар тіркеу қызметін заңмен қарастырылмағандығын айтады. Алайда, А.П. Аленин тіркеу қызметінің ұйымдастырушылық және қызмет ету негіздері қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдардан, сондай-ақ қылмыстылықпен күресті жүзеге асырушы органдардың міндеттері көрсетілген басқа да нормативтік актілерден туындайды – деп көрсетті [1].

Криминалистикалық тіркеудің құқықтық реттелуін талдап, оны жетілдіру қажет деген ойдамын. Ол үшін Қазақстан Республикасының Конституциясы нормаларын тәжірибеде қолдану арқылы құқық қорғау органдарының тіркеу қызметін қисынды ойластыруға әрекеттену қажет. Өзекті мәселенің өзіне сипаттама беру және оны зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау Конституцияның екінші «Адам және адамзат» бөлімінен ағымдауы керек [2]. Құқық қорғау органдарының тіркеу қызметін реттеуші нормативтік актілері осы аталған бөлім баптарының ережелеріне негізделуі керек. Бұл өзекті мәселені оқу Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларына талдау жүргізбейінше мүмкін емес, өйткені, криминалистикалық тіркеудің құқықтық негіздері – Қылмыстық-процестік кодексі болып табылады. Бір жағынан қылмыстық істерді қозғауға және тергеуге арналған барлық баптар қызметтің бұл түрінің құқықтық реттеушісі ретінде енгізілсе, басқа жағынан бірде-бір бап криминалистикалық тіркеуді жүзеге асырумен байланысты ішкі істер органдарына нақты өкілет беретіндігін көрсетпейтіндігін естен шығармау қажет.

Криминалистикалық тіркеу қылмыстық оқиғаға қатысқан азаматтар жайлы ақпараттар жинаумен және оны әртүрлі құқық

қорғау органдары бөлімшелерінің қызметкерлеріне ұсынумен байланысты. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде осы көрсетілген баптар тіркеу қызметін жүзеге асыра отырып, азаматтарға қатысты жинақталған ақпараттармен азаматтардың танысуына мүмкіндік беру, шектеу орнату жолдарымен азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге ықпал тигізеді.

21 желтоқсан 1995 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасы «Ішкі істер органдары туралы» Заңы тіркеу қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нормативтік құжат болып табылады [3].

15 қыркүйек 1994 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі» туралы Заңның 8-бабының 2 тармағы бойынша осы қызметтің түрін жүзеге асырушы органдарға, олардың алдына қойылған міндеттерді шешу мақсатында жедел есептер мен ақпараттық жүйелерін құруға, оны пайдалану құқығы қарастырылған[4].

П.Т. Скорченко атап көрсеткендей, қазіргі таңда барлық криминалистикалық тіркеулер Ішкі істер органдарымен жүргізіледі [5]. Біздің елімізде де криминалистикалық тіркеудің басым көпшілігі Ішкі істер органдарымен жүзеге асырылатындықтан криминалистикалық тіркеуді құру және қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бекіткен бұйрықтарымен реттелініп отырады. Алайда, есептер ведомства аралық сипатты иемденеді және қылмыстарды тергеу барысында тек қана Ішкі Істер органдарының қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері пайдалана алады.

Криминалистикалық есептер жедел-анықтамалық есептен арнайы зерттеу арқылы немесе сараптама жолымен анықталған, тіркеуге жататын объектілердің ақпараттық белгілерімен ерекшеленеді. Анықтамалық көмекші есепке қылмыс оқиғасына себептік-тергеулік байланыстары жоқ объектілер жатқызылады. Тіркеудің бұл түрінің тіркеулік белгілері көру немесе арнайы зерттеулердің көмегі арқылы анықталады.

Анықтамалық картотекалар мен топтамаларда бұлардан басқа шет елдерде шығарылған пломбалардың, жануар қылшықтарының, жанаржағар майлардың, суық қарудың, жарылғыш заттардың, құжаттар жасауға пайдаланылатын материалдардың; мөрлер мен мөртабандардың бедерінің және т.б. ақпараттардың болуы мүмкін.

Аталған құжаттар Ішкі істер органдарының тіркеу қызметі туралы бұйрықтармен толығымен реттелінген. Олар жедел-криминалистикалық Департаменттер және криминалды ақпарат орталықтармен жүзеге асырылып отыратын белгілі есеп түрлерін жинақтау мен жұмыс жасау тәртібін, есеп құжаттарының нысандарын, сонымен қатар басқа да тіркеу қызметінің маңызды жағын қамтиды.

Криминалистикалық есеп саласындағы Ішкі істер органдарының қызметін реттеп, жүзеге асыратын нормативтік актілерге шолу жасау соңғылардың қолданылуы негізінен тіркелетін объектілер мен олар туралы мәліметтерді жинау, толықтыру және сақтау тәртібі негізінен заңасты нормативтік актілер арқылы белгіленеді деген қорытынды жасауға болады.

Өкінішке орай, қазіргі кезде қолданыстағы Заң актілері, атап айтсақ Қазақстан Республикасының 22 желтоқсан 2003 жылғы «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңы Ішкі істер органдарымен және басқа да құқық қорғау органдарымен жүргізілетін есептерді толықтай қамтымайды. Осы Заңның 12-бабында арнайы есептердің тізімі ұсынылған:

1) қылмыстық жауаптылыққа тартылатын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар;
2) ұстап алынғандар, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық есебі;
3) анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген адамдар;
4) хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдар;
5) жеке басы анықталмаған мәйіттер;
6) әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар;
7) сотпен әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдар;
8) белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айырылған адамдар;
9) сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдар;
10) шаруашылық субъектілерінің қызметінің барлық тексерулері [6].

Менің пікірімше, заң шығарушымен ведомствалық және арнайы есептердің айырмашылық анықтамасы нақтыланбаған. Қылмыс жасап, қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғалардың дактилоскопиялық есебі, ұсталғандардың, қамауға алынған және сотталған тұлғалардың есебі мен анықтаудан, тергеуден, соттан бой тасалап кеткен тұлғалардың есебі арнайы есептердің түріне жатқызылған. Ал, басқа да қылмыстарды ашу мен тергеуді ақпараттық қамтамасыз етуге арналған криминалистикалық есеп түрлері арнайы есеп

объектілеріне жатқызылмаған. Бірақ криминалистикалық есептердің қолданылуы, жинақталуы және жүргізу қағидалары арнайы есептердің тізіміне енгізілген дактилоскопиялық есептерден ешқандай айырмашылықтары жоқ. Дактилоскопиялық есептің криминалистикалық есептер қатарына жатқызылатынын барлығымыз да білеміз. Ішкі істер және басқа да құқық қорғау органдарында жүргізілетін криминалистикалық есептердің көп бөлігі осы аталған заңның аясынан тыс қалады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасында құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетте негізгі мынадай есептер жүргізіледі:

1) фамилия бойынша есеп – қылмыс жасап, қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотпен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған, белгілі лауазымды иемдену құқығынан айырылған және белгілі мекен-жайы немесе олардың анкеталық мәліметтері бойынша, яғни туылған жылы, орнын көрсету арқылы фамилиясы, аты-жөнін, жеке басын куәландыратын құжаты жоқ ұсталған тұлғаларды тіркеу жолымен жүзеге асырылады;

2) дактилоскопиялық есеп – ұсталған, қамауға алынған, бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғалардың қол-саусақ өрнектерінің папиллярлық өрнектерінің құрылым ерекшеліктері бойынша тіркеу, сақтау, дәрежелеу және тұлғаның жеке басын анықтау мен бекіту үшін дактилоскопиялық ақпараттарды беру жолымен жүзеге асырылатын есеп;

3) іздестіру есебі – анықтаудан, тергеуден, соттан, жаза өтеу орнындарынан жасырынған тұлғалар және хабар-ошарсыз кеткен, сондай-ақ жеке басы анықталмаған мәйіттердің есебі.

Фамилия бойынша есептер, дактилоскопиялық, іздеулік есептер картотекалар мен компьютерлік банктер мәліметтерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетте ортақтандырылған фамилия бойынша, дактилоскопиялық, іздестіру есептері жүргізіледі. Есеп субъектілері болып, белгіленген заңды тәртіпте тергеу және анықтау, жедел-іздестіру қызметін, жазаны орындау, көші-қон қызметін жүзеге асырушы барлық мемлекеттік органдар және Қазақстан Республикасы соттары табылады [7].

Фамилия бойынша Комитетте есепке мына тұлғалар тіркеледі:

– Қазақстан Республикасы аумағында сотталғандар;

– ТМД мемлекеттерінің бірінде бас бостандығынан айырылуға сотталып, жазасын Қазақстан Республикасы аумағында өтеп жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары;

– қылмыстық ізге түсуші органдардан, соттан бой тасалағандар немесе жазасын өтеуден жалтарып, оларға қатысты іздеу жарияланғандар;

– белгілі мекен-жайы немесе жеке басын куәландыратын құжаты жоқ ұсталғандар;

– қоғамдық-қауіпті әрекеттер жасап, оларға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған есі дұрыс емес тұлғалар.

Криминалистикалық тіркеу саласында құқықтық қатынастардың субъектілері – бір жағынан тіркеу органдары болса, екінші жағынан жеке тұлғалар болып есептеледі. Сонымен қатар субъект ретінде тіркеу органының және кез келген басқа құқық қорғау органдарының қызметкерлері жатқызылуы мүмкін.

Криминалистикалық тіркеу саласындағы құқықтық қатынастардың туындауы және тоқтатылу жағдайлары:

– қылмыстық әрекеттер жасауға дайындық және қылмыс жасау, оны жасырумен байланысты қылмыскердің пиғылы;

– есеп мәліметтерін сақтаумен байланысты оқиғалардың қылмыстық жазаланатын әрекеттерге қатысты мерзімінің ескіруі болып табылады.

Криминалистикалық тіркеу саласында пайда болатын құқықтық қатынастарды бөлу, олардың қандай да бір құқық саласына жатқызылатындығы туралы сұрақты туындатады. Бұл сұраққа жауап беру үшін криминалистикалық тіркеу саласында туындайтын құқықтық қатынастарға жататын қосымша белгілерді бөлу қажет.

Ішкі істер органдарында тіркеу қызметін жүзеге асыру процесінде туындайтын қатынастар, ол «билік – бағыныштылық» түріндегі қатынастар болып табылады. Біріншіден, «билік – бағыныштылық» бүтіндей алғанда құқық қорғау органдарының қызметіне жатқызылатын орындаушылық билік сипатын иеленеді. Екіншіден, «билік – бағыныштылық» үшін тіркеу органының – басқару субъектісі және объектісі – азамат болып табылады. Үшіншіден, тіркеу органының еріктілігі азаматтардың еріктілігімен тең емес, себебі біріншісі заңды билік сипат алады.

Қылмыстарды ашу мен тергеу процесін ақпараттық талдаумен қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын «криминалистикалық

есептер» атауын есептер ұқсастығын белгілейтін түрлі түсінік ретінде қолданатындығын белгілеу қажет деп есептейміз.

Тіркеу негізінде нақты объектілерге жекелендіруші немесе оны дара ретінде білдіретін белгілері тән. Сол секілді криминалистикалық есептің әрбір түрінің өзіне ғана тән ескерілетін белгілері бар. Криминалистикалық есептерде арнайы және жалпы тәсілдер арқылы ақпаратты бекіту қолданылады. Объектілерді тіркеу үшін мынадай есептің тәсілдері жүргізіледі:

а) сипаттаушы – есеп объектілері мен мәліметтерін жазбаша бекіту;

б) сызбалық немесе графикалық-криминалистикалық фотография ережелерінің негізінде бейне және аудиотехниканы қолдана отырып объектілердің белгілерін бекіту;

в) дактилоскопиялық – тірі тұлғалар мен мәйіттерді қол саусақтарының іздері бойынша тіркеу;

г) коллекциялық – объектілердің түпнұсқасын жинау және сақтау;

д) аралас – екі және одан да көп тәсілдермен объектілерді тіркеу.

Қазіргі кезде тіркеу мәліметтерін криминалистикалық есептерді жүргізу түріне байланысты қолмен және механикалық немесе автоматтандырылған тәсілмен беру және өңдеу арқылы жүзеге асырылады деп санауымызға болады. Алайда, механикаланған тәсілде перфорациялық карталар қолданылатындығын айта кету керек. Соңғы жылдары электронды есептеуіш машиналарын қолдану арқылы ақпараттарды автоматты түрде өңдеу жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде жекелеген есеп түрін қолмен жүргізу тәсілі сақталғанымен, мәліметтердің көптеген бөлігі машиналық құжаттарға көшірілді. Осы себепті тіркеу мәліметтерін өңдеу мен берудің екі тәсілін, яғни қолмен және автоматтандырылған тәсілдерін қарастырамыз.

Іздеулік есептер криминалистикалық есептерде және жедел-тактикалық бағыттағы ақпараттық жүйелер құрамдалатын тұлғалар және объектілер жайлы іздестіру әрекетін жүргізеді. Іздестіру міндеттері криминалистикалық объектілер үлгілерін танумен, яғни, диагностикамен тығыз байланысты шешіледі.

Жоғарыда қарастырылған есептің барлық түрлерінің бір-бірінен негізгі айырмашылығы олармен ұсынылатын ақпарат сипатымен ерекшеленеді. Қылмыстық іс бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлері қалыптасқан тергеулік ахуалдарға байланысты қажетті есеп түрлерін пайдаланады.

Мен П.Т. Скорченконың пікірімен келісемін, себебі ол біздің ұсыныстарымда айтылған болатын. Бірақ та, оны өзгертіп айтуға тура келеді, біздің пікірімізше есептердің үшінші тобына біріншіден, қылмыскерлерден алынған заттарды жатқызу керек, екіншіден біз танылмаған мәйіттер, хабар-ошарсыз кеткендердің есептерін криминалистикалық есепке жатқыза алмаймыз, дегенменде оларды қылмыстарды ашу мен тергеу барысында қолдану мүмкіндігін жоққа шығаруға да болмайды.

Криминалистикалық есеп объектілері жайлы мәселені қарастыруда, біріншіден объектінің түсінігіне назар аударуымыз қажет.

Жоғарыда қарастырылғандай, криминалистикалық есептер деп – оларды құру мақсаттары қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеу процесін ақпараттық талдаумен қамтамасыз етумен қорытындылануын түсінуі керек. Яғни, есеп объектісін бөлудің белгісі болып оның қылмыс оқиғасымен байланысы табылады. Есеп объектілері болып қылмыстық оқиғаға қатысы барлардың барлығы жатқызылады, мысалы, қылмыскерлер, олардың саусақ іздері, оқиға орнынан алынған саусақ іздері, ұрланған мүліктер және т.б.

